

№50

/Сәрсенбі/

12 Желтоқсан 2018 ж.

www.aigak.kz

E-mail: aigak@mail.ru

АЙГАК

МЕДИА



«Shymkent Development - 2018» - АЛҒАШҚЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

Шымкентте «Shymkent Development-2018» алғашқы халықаралық форум өтті. Форумның басты мақсаты – Шымкенттің инвестициялық климатын жақсарту мен үшінші мегаполистің экономикасына инвестиция жұмылдыру, қаланың Қазақстан мен Орталық Азиядағы инвестиция жұмылдырудың жаңа орталығы ретінде даму әлеуеттерін талқылау, мегаполистің алыс және жақын шетелдермен әріптестігін кеңейту, көлік логистикасын жетілдіру, туризмнің дамуы мен қолайлы инвестициялық климаттың қалыптасуы туралы талқылау.

«Shymkent Development forum-2018» халықаралық форумна қазақстандық және шетелдік бизнес-қауымдастықтар, инвестиция жұмылдыру саласының сарапшылары, министрліктер мен мемлекеттік органдар, қаржы институттары мен білім беру ұйымдарының өкілдері, трансұлттық CNN, National Geographic корпорацияларының, Дүниежүзілік банктің өкілдері, жаңа жобалардың авторлары, әлеуетті 300 инвестор – Қазақстан, Германия, Дания, Ресей, Канада, Қытай, Испания, Оңтүстік Корея, Литва, Эстония, БАӘ, Кувейт, Өзбекстаннан белгілі компаниялардың жетекшілері қатысты.

Форумда Шымкент қаласының өкімі мегаполисті дамытудың жоспарлары туралы баяндама жасады.

Жақында Сеул қаласында болдым. Онда біздің Қошқар атаға ұқсас өзен бар. Соның жобасын көрдім. Біз де Қошқар ата өзенінің аумағын соған ұқсас жобамен көркейтіміз. Бұған қоса Шымкенттің көне қалашығы мен Питаделі аспан астындағы ашық музейге айналады. Римнің Колизейі сияқты Питадель де Шымкенттің көрікті өрі тарихи орына айналады. Ал бүгін баршаңыздың қаладағы Арбатты аралауға шақырамын, - деді Ғабидолла Әбдірахымов.

Форумда Шымкенттің даму стратегиясын мен қаланың инвестициялық мүмкіндіктері таныстырылды. Грі қалалардағы бизнес жүргізу мәселелері, кәсіпкерлікке мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдаулардың жергілікті және орталық деңгейлерде жүзеге



асырылуы мұқият талқыланды.

Форум жұмысы «Даму стратегиясы», «Инвестиция жұмылдыру», «Адам капиталын дамыту», «Түризмді дамыту» атты төрт секция бойынша өтті. Спикерлер ретінде шетелдік сарапшылар да сөз сөйлді.

Мегаполис өкімі Ғ.Әбдірахымов пен «Hyundai Trans Auto» ЖШС директоры В.Вяткин және «MAYDAY KAZKHSTAN» ЖШС төрағасы А.Хидаят арасында үш жақты әріптестік меморандумы түзілді. Оның аясында қалалық жедел жәрдем қызметінің автопаркін жаңғырту үшін 13 млн АҚШ доллары көлемінде инвестиция жұмылдырылмақ.

Бұған қоса қала өкімі «Colosseo» компаниясының президенті Ян Енча мырзам Қажымұқан атындағы орталық стадионды қайта жаңарту жұмыстары бойынша 40 млн АҚШ долларлық келісімге қол қойды.

Айта кетейік, биыл Шымкентке 524 млрд теңге инвестиция тартылған. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3 есеге көп.

Форум аясында Шымкент қаласының өңірлік инвесторлар кеңесінің алғашқы отырысы өтіп, әріптестік меморандумдарына қол қойылды.

Негізгі баяндамалар Шымкент қаласының өкімі Ғабидолла Әбдірахымов жасады.

Шымкент Қазақстанның оңтүстігіндегі агломерация ошағына айналды. Қала көлік және теміржолдардың түйіскен тұсында тұр. Болашақта бұл жерде үлкен көлік хабы болады.

10 жылдың ішінде қаланың экономикасы 20 есе өсті. Өндірістік өнеркәсіптің көлемі бес жылда 2,5 еседен асып, 470 миллиард теңгені құрады. Шағын және орта бизнестің үлесі 37 пайызды құрайды. Фармацевтикалық кластер жақсы дамуда, текстиль кластері сәтті жұмыс істей бастады. Әуежайдың жанынан 100 гектар аумақта сауда-логистикалық аймақ ашылды. Бұл аймақта «А» класты қоймалар, кеден, салық органдары орналасқан. Соның нәтижесінде кәсіпкер өзіне қажет құжаттың барлығын «бір терезе» қағидасы бойынша ала алады. Кедендік рәсімдеу онлайн өткізіледі. Жалпы, Шымкенттің дамуы екі бағытта жүзеге асырылады. Біріншісі – экономиканың жылдам дамуы, соның нәтижесінде қала сауда және өндіріс орталығына айналады. Екінші бағыт – көптеген қазақстандықтар Шымкентке келетіндей қолайлы жағдай жасау. Осы мақсатта әуежайдың жаңа терминалының жобасы жасалған. Халықаралық стандарттарға сай келетін жаңа әуежай 2020 жылдың бірінші жартысында ашылады деп жоспарлап отырмыз. Бұған қоса жақсы жаңалығымыз да бар. 29 желтоқсан күні Шымкент-Дубай тікелей ұшақ рейсі ашылады. Қазір Каунас қаласының мезірімен Шымкент-Каунас тікелей рейсін ашу жөнінде келіссөздер жүруде, - деді үшінші мегаполистің даму жоспарымен таныстырған Ғабидолла Әбдірахымов.

Жалғасы 3-ші бетте



ТҮРКІСТАН ОБЛЫСТЫҚ АССАМБЛЕЯ КЕЕСІНІҢ АЛҒАШҚЫ ОТЫРЫСЫ ӨТТІ

Алғашқы басқосу жаңаша лепке жол ашты. Қазақстан халқы Ассамблеясының Түркістан облыстық филиалының алғашқы кеңесінде бас қосқан ағайын маңызды мәселелерге тоқталды. Хаттамалар бойынша, жұмыс жасаудан біржола кету керектігін баса айтты. Кідір деісіз ғой? Қоғам жанышырларының жалпы талқысын келесі бейнесюжеттен көріңіз.

Өздеріңіз білетіндей, Түркістан облысы өкімінің орынбасары Мәлік Отарбаевтың қызметке тағайындалғанына 1 айға жуықтап қалды. Облыстағы қоғамдық келісім мүшелерімен бүгін алғаш көрісуі өрі тануы. Алдымен ассамблея ғимаратында орналасқан мәдени орталықтардың жұмысын бағамдап шықты. Кейіннен дөңгелек үстел аясында қоғам назарындағы маңызды мәселелер талқыға салынды. Сондай-ақ, Түркістан облыстық ассамблея жанындағы қоғамдық құрылымдардың жетекшілерін бекітіп алды. Қоғамдық келісім кеңесінің төрағалығына мемлекет және қоғам қайраткері Серік Пралиевтің кандидатурасы ұсынылса, аналар кеңесінің төрайымы болып Дүйсенкүл Жамболова тағайындалды. Ғылыми-сарапшылық топқа

облыс өкімінің кеңесшісі Саттар Мәжитов жетекшілік ететін болады. Мұнан бөлек, қоғамдық келісімнің облыстағы ахуалын айтып берген мекеме басшысының міндетін атқарушы Зағфар Үсіпаханов сараптамалық мәліметтердің өзектілігіне тоқталды.

«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы маңызды міндеттер тұрмыс тіршілігіміздің, руханиятымыздың ажырамас бір бөлігі. Рухани жаңғыруға бастаған талқылаулар көптің көңілінен орын алды. Мәселен, Түркістан облыстық мәслихатының депутаты, Облыстың қоғамдық кеңесінің мүшесі Дулат Әбіш хаттамалық жиындардан қашу керектігін ерекше айтып берді. Өткенімізді білмей, болашақты болжау қиын дейді мемлекет басшысы. Рухани үндестікпен жасалған шараның әрбірін жүрек-

пен қарап, этнос өкілдерінің барлығын қатыстыра отырып, әр түрлі жастағы азаматтарды да құндылықтарды бағалауға шақыру қажет дейді.

Түркістан облысының бас идеологы Мәлік Отарбаев бұл бастаманың маңыздылығын өрі қарай аша түсті. Ашып айтылған мәселелерге айрықша ықыласпен қарап, ұлттық дүниелердің лайықты орнын табуына барлығымыздың мүдделі екендігімізге тоқталды.

Оңтүстік аймағы тұрғындарының солтүстікке көшу мәселесінде ешқандай шектеу қойылмайды. Тек қана, мемлекет тарапынан Сізге қолдау көрсетіліп, жұмысқа орналасып кетуіңізге дейін жәрдем беріледі. Бұл мәселеде Түркістан облысынан солтүстік аймақтарға көшіп барып, тұрып жатқан отбасылардың жай-күйін айғақ арнасы көрсеткен болатын. Осы тұста облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Бейсен Тәжібай ішкі көші-қонның маңыздылығын айтып берді.

Облыс өкімінің кеңесшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Саттар Мәжитов те мемлекет басшысының ұлы даланың жеті қыры мақаласына байланысты

Салтанат
ТОЙБОЛОВА.

Анонс!

Түркістан қаласының өкімі Әліпбек ӨСЕРБАЕВ:

5-бетте

**ТҮРКІСТАНДЫ КӨРКЕЙТУ
КЕЗЕК КҮТІРМЕЙТІН МӘСЕЛЕ**

Тағайындау

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ЕКІ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



ҚР Президенті Әкімшілігінің келісімімен, облыс әкімінің өкіміне сәйкес, Маңғыстау облысы әкімінің орынбасарлары болып Өркен Бисақаев және Нұрдуәлет Қылыбай тағайындалды.

Нұрдуәлет Игілікұлы ҚЫЛЫБАЙ 1978 жылы Маңғыстау облысы Бейнеу ауданында дүниеге келген, білімі жоғары, «тасымалдауды ұйымдастыру жөніндегі инженер», «қаржы және қаржы құқығы» мамандықтары бойынша бітірген. 2018 жылы АҚШ Бостон қаласында Stafford House халықаралық мектебінде білім алған.

Еңбек жолын 1999 жылы Маңғыстау тасымалдау бөлімшесі станциясының кезекшісі қызметінен бастаған. Кейін Астана станциясында кірме жолдары бойынша жүктерді қабылдап-тапсырушы, «ҚТЖ» ҰК» акционерлік қоғамының бас маманы, бөлім бастығы, магистральды желілер дирекциясы басқарушысының көмекшісі қызметтерінде болды.

2005 - 2009 жылдар аралығында Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитетінің бөлім бастығы, басқарма бастығы, төрағаның орынбасары.

2009 - 2010 жылдары «Вокзал-сервис» АҚ президенті, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Жолаушыларды тасымалдау жөніндегі басқарушы директоры болды. 2010 - 2011 жылдары Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитетінің төрағасы қызметін атқарды.

2011 - 2012 жылдар аралығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ президентінің кеңесшісі, кейін осы акционерлік қоғамның Маңғыстау жолдары бөлімшесі филиалының директоры.

2012 - 2013 жылдары Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің Көлік және қатынас жолдары комитетінің төрағасы қызметінде болды.

2013 - 2017 жылдары «ҚТЖ» ҰК» АҚ Аппарат басшысы - атқарушы директоры, «ҚТЖ» ҰК» АҚ атқарушы директоры - «Жолаушылар тасымалдау» АҚ президенті.

2017 жылдың қараша айынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Теміржолсу» АҚ Бас директоры - Басқарма төрағасы қызметін атқарды.

Өркен Серікқалиұлы БИСАҚАЕВ 1977 жылы Батыс Қазақстан облысы, Қазталов ауданында дүниеге келген, білімі жоғары.

1999 жылы Қазақ ұлттық техникалық университетін (инженер-экономист), 2010 жылы Ш.Е. атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетін (юриспруденция), 2015 жылы Алматы Менеджмент университетін (іскерлік әкімшілік) мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын 1999 жылы Батыс Қазақстан облысындағы «Интергазстрой» ААҚ-да экономист қызметінен бастап, КТЖ жобасы директорының орынбасары, Тенгизшевройл жоба басқармасының инженер-жобалаушысы, «Интергазстрой» жоба-экономикалық бөлімі бастығының орынбасары қызметтерін атқарды.

2003 - 2004 жылдары «Казтранском» ААҚ -да Шаруашы-



лық департаментінің күрделі құрылыс бөлімінің бастығы.

2004 - 2007 жылдары «Ньютек Дистрибушн» ЖШС корпоративті жобалар департаментінің менеджері, департамент директоры, бас директорының орынбасары болды.

2007 - 2010 жылдар аралығында Маңғыстау облысы әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бас инспекторы, кейін бөлім меңгерушісі қызметтерін атқарды.

2010 - 2012 жылдары Ақтау қаласы әкімінің орынбасары.

2012 - 2016 жылдар аралығында Маңғыстау облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы.

2016 - 2017 жылдары Ақтау қаласы әкімінің орынбасары.

2017 жылдың қараша айынан бастап қазіргі уақытқа дейін «Маңғыстау облысының туризм басқармасының басшысы қызметін атқарған.

ЕЛІМІЗДЕ ГРЭПЛИНГТЕН ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫ ӨТЕДІ

Келер жылы Астанада грэплингтен әлем чемпионаты өтеді, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі.

«Қауымдастық алдындағы келер жылға жоспарланған жауапты істің бірі ол Астанада өтетін грэплингтен әлем чемпионаты. Оның ерекшелігі олимпиадалық төртіппен өтеді. Әлем чемпионатының алдында республикалық және Азия чемпионатын ұйымдастыру жоспарлануда. Яғни еліміздің

және өз еліміздің мықтылары қатысты. Одан бөлек, күні кеше ғана Астанада грэплингтен ел кубогы өз мәресіне жетті, оның жеңімпаздары 2019 жылы Пекинде өтетін Азия чемпионатында ел намысын қорғайтын болады», - деді ол. Оның айтуынша, бүгінде аталған спорт түрі елімізде кеңінен танылуда. Оған дәлел барлық облыс орталықтарында грэплинг федерациясы жұмыс істеп, жасөспірімдерді аталған спорт тү-



үздік атанған спортшылары әлем чемпионатына жолдама алатын болады», - деді ҚР Грэплинг қауымдастығының президенті Қанат Алин журналистермен болған баспасөз мәслихатында. Сонымен қатар, Қ.Алин үстіміздегі жылы атқарылған қауымдастықтың жұмыстарына тоқталып өтті. «Осы жылдың шілде айында Астанада грэплингтен «ASIA OPEN» халықаралық турнирі өтті. Оған 500-ден аса спортшы қатысып, еліміз жалпы есепте І орын иеленді. Сондай-ақ, Қазақстанда алғаш рет «WORLD CUP» грэплингтен жолдастық кездесу өтіп, оған АҚШ, Ресей

рине баулуда. Сол сияқты, «Нұр Отан» партиясы Астана қалалық әкімдігімен бірлесіп, елордалық оқушылар үшін грэплингтен «Мектеп лигасын» құрды. Алдағы жылы лига басқа өңірлерде де өз жұмысын жандандыратын болады. «Тағы бір маңызды дүние үстіміздегі жылдың 5 қыркүйегінде грэплинг спорты ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің аккредитациясына ие болды. Бұл дегеніміз енді аталған спорт түріне мемлекеттік тұрғыдан тиісті қолдау мен қаражат қарастырылады деген сөз», - деді Қ.Алин.

Астана.

ТІРІ ТІН ХФС-ДА 3D БИОПРИНТЕРДЕ СӘТТІ БАСЫП ШЫҒАРЫЛДЫ

Тірі тін Халықаралық ғарыш станциясында (ХФС) борттық 3D биопринтерде сәтті басып шығарылды, деп хабарлайды Роскосмосның баспасөз қызметі.

«Роскосмос» ғарышкері Олег Кононенко 2018 жылғы 3 желтоқсанда ХФС-қа «Союз МС-11» басқарылатын көлік кемесімен (БКК) келіп, 3D-биопринтерде тірі тіндерді басып шығару бойынша тәжірибе жасай бастады.

Қазіргі кезде эксперименттің алғашқы нәтижелері алынды - салмақсыздық жағдайында тышқанның қалқанша безінің органдық құрылымы жасалды», - делінген бейсенбіде таратылған хабарламада. Роскосмоста желтоқсан айының соңына қарай эксперименттен алынған тіндер мен үлгілер Жерге түсіріледі, содан кейін оларды зерттеу басталады.

«3 желтоқсанда «Байқоңыр» ғарыш аялағынан «Союз МС-11» БКК ұшырылған болатын. Оның бортында магнитті «Органавт» 3D био-

принтер болды, ол әлемдегі алғашқы тәжірибені орбитада тірі тіндерді басып шығаруға арналған. «3D Биопринтинг Солюшенс», «Роскосмос» және «Инвитро» мемлекеттік корпорациясын қамтитын «Магниттік 3D-биопринтер» жобасы 2016 жылы өз жұмысын бастады», - деп хабарлады ресейлік аэроғарыштық мемлекеттік корпорациясы.

Жобаның бір бөлігі ретінде, биопринтер тіндердің тірі ұлпаларын басып шығару үшін және салмақсыздық кезінде органның құрылысын жасау үшін жасалды.

«Осындай биопринтер 11 қазанда ұшырылған «Союза МС-10» бортында да болған, бірақ тасымалдаушы апатынан тәжірибе орын алмады. Жабдық Жерге қайтарылмады, себебі ол ішкі бөлікте болған. Дегенмен, эксперимент жүргізу үшін дублерді мүмкіндігінше тез арада дайындап, ХФС-ға табысты жеткізді», - деді Роскосмос.

Алматы.

ҚР ҮКІМЕТІ ЖАНЫНАН ҰЛТТЫҚ ЖАНЫНАН ҰЛТТЫҚ КИНОНЫ ҚОЛДАУ МЕМОРАЛЫҒЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Парламенттің жоғары палатасы - сенат бейсенбі күні отандық киноны қолдауға, соның ішінде ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығын құруға арналған кинематография және соған қатысты өзгертулер мен толықтырулар туралы заң қабылдады.

Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығының жалғыз құрылтайшысы және акционері - үкімет.

Сенат материалынан белгілі болғандай, орталық ұлттық фильм атағын алатын үміткер киножобалар үшін мемлекеттік қаржылай қолдау ұсынады, сондай-ақ кино саласында субсидия төлейтін жалғыз оператор болады. Орталық жанынан сарапшы кеңесі құрылады - «шығармашылық қызметкерлер мен сарапшылар қатарынан консультативтік-кеңесу органы», ол фильмді ұлттық

деп танытын болады.

«Қазақфильм бүкіл әлемдегідей кинофабрика ретінде жұмыс жасайды», - деді ҚР мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиялы депутаттарға.

Мемлекеттік қаржылық қолдауды тек «жоғары әлеуметтік маңызға ие - бірінші кезеңде тарихи, патриоттық кинолар, фильм-окигалар, деректі фильмдер, анимациялық және дебюттік

картиналар толық алатын болады», деді министр. Қалған фильмдердің барлығы, яғни коммерциялық жобалар, инвесторларды тартқан жағдайда ғана ішінара мемлекеттік қаржылай қолдауға ие болады, деді Мұхамедиялы.

Заң жобасы ҚР президенті Нұрсұлтан Назарбаев қол қойғаннан кейін ғана күшіне енеді.

Елорда.

Бұл аптада кімдер туылған?

12.12.1960. ж
Мұхтар Құл-Мұхамед
«Нұр Отан» Партиясы
Төрағасының бірінші
орынбасары, заң
ғылымдарының докторы,
профессор, академик

13.12.1962. ж
Сәлкен Жорабеков
Бәйдібек ауданы,
Қ.Бәйменов атындағы орта
мектептің директоры

15.12.1950. ж
Ахметжан Есімов
«Самұрық Қазына» ҰӘҚ» АҚ
басқарма төрағасы
экономика ғылымдарының
докторы

15.12.1951. ж
Зауртыбек Тұрысбеков
Дүниежүзі қазақтары
қауымдастығы Төрағасының
бірінші орынбасары

16.12.1929. ж
Бибігул Төлегенова
Қазақстанның
Халық әртісі,
Социалистік Еңбек Ері

17.12.1947. ж
Өсерхан Қарабаев
Полиция полковнигі

**Құрметті туылған
күн иелері!
Сіздерді «Айғақ»
газетінің ұжымы
туған күндеріңізбен шын
жүректен құттықтайды!**



«ХАЙВИЛЛ» КОМПАНИЯСЫ ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІН САЛАДЫ

Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев «High Vill Kazakhstan» ЖШС-нің Бас директоры Канг Джон Дэмен кездесті. Басқосуда тараптар облыс орталығында тұрғын үй кешенін салу мәселесін талқылады.

Кездесуде аймақ басшысы Түркістан қаласының дамуы Елбасының ерекше назарында екенін және мұнда құрылыс жұмыстарымен айналысатын мердігер компанияларға өкімдік тарапынан барынша қолдау көрсетілетінін айтты.

«Мемлекет басшысының тапсырмасымен облыс орталығын ерекше үлгіде қалыптастыруды көздеп отырмыз. Сондықтан, мұнда салынатын әрбір ғимараттың сәулеті мен сәніне ерекше мән беріледі. Бүгінде тиісті жұмыстар атқарылады. Атап айтсақ, «Риксос» қонақүйі мен өкімшілік орталықтың қапсуласы салынды. Осы ретте, сіздердің де осында заманауи үлгідегі тұрғын

үй кешенін салатындарыңызға үлкен сенім білдіремін. Ал, құрылыс жұмыстары жүргізілетін аумақтағы барлық инфрақұрылым мәселелері өкімдік тарапынан өз шешімін табатын болады. «High Vill Kazakhstan» серіктестігі – өзірге қаламызда тұрғын үй кешенін салатын бірінші және жалғыз компания. Айта кетерлігі, құрылыс жұмыстарын мейлінше ерте бастап, 1 жылдың ішінде аяқтау керек», – деді Жансейіт Қансейітұлы.

Өз кезегінде Канг Джон Дэ тұрғын үй кешенін салу үшін жер учаскесі анықталса, құрылысты бастап кетуге дайын екенін жеткізді.

«Біз 5-10 гектарға аумаққа жаңа заманауи кешен салуды жоспарлап отырмыз. Бұл жоба облыс орталығының жаңа келбетіне көрік беретін болады. Жұық арада барлық құжаттаманы әзірлеп, құрылыс жұмыстарына кірісеміз», – деді ол.

ДЕНСАУЛЫҚ САПАСЫН ДАМУҒА ҮЙІМДІК ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ СЕМИНАРЛАР, КОНФЕРЕНЦИЯЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ СОНДАЙ-АҚ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША БІРЛЕСКЕН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОСПАРЛАНУДА

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы Мұқан Егізбаев жұмыс сапарымен Новосибирск қаласында болды. Облыстың бас дәрігері Новосибирск облысының Денсаулық сақтау вице-министрімен және медициналық мекемелердің басшыларымен кездесті. Жұмыс сапарының қорытындысы бойынша, Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Мұқан Егізбаев пен Ресей Федерациясы Денсаулық сақтау министрінің Новосибирск мемлекеттік медициналық университеті ректоры Игорь Маринкин ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойды. Түркістан облысы Денсаулық сақтау басқармасымен Ресей Федерациясы Денсаулық сақтау министрінің Новосибирск мемлекеттік медициналық университеті арасындағы меморандум барысында тараптар өзара түсіністік пен өзара тиімділік негізінде денсаулық сақтау саласындағы ынтымақтастықты дамытуға ниетті. Сондай-ақ, денсаулық сақтау саласында екі жақты ақпарат алмасу, медицина мамандарын даярлау және олардың біліктілігін арттыру жоспарлануда. Екі елдің медицина саласы жетекшілері



тиімді ынтымақтастық халықтың денсаулығын жақсартуға ықпал ететініне сенімді.

Меморандум барысында мемлекеттік ауруханаларды жаңғырту үшін денсаулық сақтау саласындағы жобаларды іске асыру, телемедицина саласындағы ынтымақтастық, денсаулық сақтау саласында бірлескен ғылыми-практикалық семинарлар, конференциялар ұйымдастыру сондай-ақ, денсаулық сақтау мәселелері бойынша бірлескен бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру жоспарлануда. Тараптар медициналық ғылым саласындағы ақпараттармен алмасу, тәжірибемен, жаңа технологиялар мен жаңа медициналық жабдықтарды әзірлемелермен бөлінетін болады. Меморандум жаңа 2019 жылдан бастап күшіне енеді.

КЕНТАУДА КЕН ӨНДІРІСІ ЖАНДАНА ТҮСПЕК

Түркістан облысы Кентау қаласында қазіргі таңда 6 геологиялық барлау жұмыстары жүргізілуде. Кезінде кенімен танылған өңірде алдағы жылы кен өндіру ісі қарқын алатын болады. Бұл туралы Түркістан облысы өңірлік коммуникациялар қызметінде Кентау қаласының әкімі Әбдібақыт Мақұлбаев мәлім етті.

Шаһар басшысының айтуынша, ағымдағы жылдың 10 айының қорытындысымен қаланың жалпы өнім көлемі 87 млрд. 313 млн. теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,6 есе артқан.

«Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 12 млрд. 315,4 млн. теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 160 пайызды құрады. Кентау қаласына 12 ауыл округтерінің қосылуымен 2018 жылдың 10 айында қолданыстағы шағын орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны - 6784 бірлікке жетіп, 2,5 есе өскен. Шағын бизнес субъектілерінің осы кезеңде өндірген өнімдері мен жасаған қызметтерінің жалпы сомасы - 61 млрд. 134,8 млн. теңгені құрады», - деді Әбдібақыт Тілеубайұлы.

Кентау қаласы бойынша 2015-2019 жылдары өңірлер кәсіпкерлігін қолдау картасына жалпы құны – 64 млрд. 41,5 млн. теңге 5 жоба енгізіліп, 4 жоба толығымен іске асырылды. Оның ішінде: «ЮгЭлектроПривод» ЖШС; «Ток және кер-



неу ажыратқыштарын, айыргыштарын, өлшегіш трансформаторларын шығару» жобасы; «Электродеталь» ЖШС «35-110-220 трансформаторлар үшін металлқұрылымдар жасайтын және электроқушаулар бөлшектерін шығару» жобасы; «Статус Эверест» ЖШС – «ПЭТ, ПП, ПЕ» қатты қалдықтарды қайта өңдеу» жобасы; «Vostok Minerals» ЖШС – «Барит өнімдерін өңдеу» жобасы; «ГРК «Металлинвест» ЖШС-нің «Барит концентратының өндірісімен Ансай кен орнының барит кеніне өнеркәсіптік қазба жұмыстарын жүргізу» жобасы.

Бұдан өзге, Кентау қаласындағы индустриялды аймақтың жалпы ауданы 25 гектарды құрайды. Онда 5 жобаны іске асыру жоспарланған, 2 жоба толығымен жүзеге асырылды. 4,3 гектар аумақта инженерлік инфрақұрылым орналасқан, 15,55 га жер телімі резервте. Бүгінгі таңға индустриялды аймақта 2 жоба толық іске асырылған. Олар: Кентау қаласы бойынша 2015-2019 жылдары өңірлер кәсіпкерлігін қолдау картасы аясында іске қосылған «ЮгЭлектроПривод» ЖШС және «Электродеталь» ЖШС.

Бетті дайындаған: Жандос САҒЫНДЫҚОВ.

«Shymkent Development - 2018» - АЛҒАШҚЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

Шымкент қаласының әкімі басқа да стратегиялық маңызды жобалар туралы баяндады. Олардың арасында 2019 жылы Шымкент теміржол вокзалын қайта құру, қоғамдық көлік саласына 1000 автобус сатып алу, айналма жол салу және т.б. жобалар бар. Сондай-ақ, 2019 жылы Қажымұқан атындағы Орталық стадионды жаңғырту жұмыстары басталып, 2020 жылдың бірінші жартысында аяқталады. Бұл еліміздегі ең заманауи стадион болмақ.

Форумда сөйлеген басқа спикерлердің арасында «Copenhagenize Design Co» компаниясының бас директоры, Копенгаген қаласының экс-мэрі Мортен Кэйбл, ресейлік белгілі урбанист, «Адамдарға арналған қала» жобасының авторы Аркадий Гершман, Дүниежүзілік банктің Қазақстандағы тұрақты өкілі Ато Браун, «TUV International GmbH» Шығыс Еуропа бойынша өңірлік директоры Николас Нотис және басқа да сарапшылар болды.

Инвестициялық форум өз нәтижесін берді. Жалпы сомасы 200 млн АҚШ долларын құрайтын 11 меморандумға қол қойылды. Шетелдік инвесторларды Шымкенттің микрофиба шығару бойынша текстиль фабрикасының құрылысы, қалалық жедел медициналық жәрдем қызметінің автопаркін жаңарту, «Shymkent city» қалашығы аумағында тұрғын үйлер, өкімшілік ғимараттар мен жаңа саябақ салу сияқты ірі жобалары қызықтырды.

Шымкент колледждеріндегі техникалық кәсіптік білім беруді мемлекеттік-жекеменшік өріпестік аясында жаңғырту жобасы да назардан тыс қалмады. Қала әкімдігі, «Asia-Trafo» ЖШС және германиялық «Raymond Academy» компаниясы меморандумға қол қойды. Бұған қоса қала құрылысы, автокөлік және өндірістік қауіпсіздік салаларында халықаралық стандарттарды сақтау бойынша, Шымкент индустриялды аумағында құны 8 млн долларлық ферро-силико-мырыш зауытының құрылысы бойынша меморандум жасалды.

«Best Textile» компаниясымен Шымкент арнайы экономикалық аймағында жалпы құны 15 млн доллар болатын текстиль фабикасының құрылысы бойынша меморандум, туризм және қонақ үй бизнесі саласында бірге инвестиция тарту және өріпестік бойынша меморандум түзілді. Ал Қажымұқан атындағы Орталық стадионды жаңарту жұмыстары Шымкент қаласының әкімі Рахымқұлы Әбдірахымов пен Словенияның «Colosseum» компаниясының президенті Ян Енч қол қойған меморандум аясында жүзеге асырылады. Жобаның құны - 44 млн еуро.

«Шымкент» ӘКК «Shymkent city» қалашығында тұрғын үйлер мен басқа нысандар салу бойынша құрылыс компанияларымен меморандум жасады. Құны 17 млн доллар болатын жобаны қазақстандық «V1-Group» жетекші құрылыс компаниясы жүзеге асыра, Түркияның «Конкорстрой» компаниясы нысандарға 83 млн доллар инвестиция құюға өзін, «Строй Прогресс-Сервис» компаниясымен де меморандум түзілді.

Жеңісхан КЕРІМЖАЕВ.

МЕГАПОЛИС МЭРІ ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖАҢА ФОРМАТТА ҚАБЫЛДАДЫ

Шымкент қаласының әкімі Ғабидолла Әбдірахымов жұма күні қала тұрғындарымен алғаш рет жаңа форматта қабылдау өткізді.

Бұдан былай әр аптаның жұмасы күні қала әкімі сағат 16:00-ден 18:00-ге дейін тұрғындарды арнайы кабинетте қабылдайды. Ал қабылдауға қала әкімдігінің ресми сайтында жазылуға болады. Ол үшін электронды түрде өтініш беруге арнайы қызмет қосылған.

Айта кету керек, Шымкент әкімдігі Мемлекет басшысының халыққа қызмет көрсетуді ашық әрі кедергісіз жүйеде ұйымдастыру туралы тапсырмасына алғаш болып үн қатып отыр. Жұырда ғана Астанада өткен Азаматтық форумда Мемлекет басшысы Шымкент қаласы әкімшілігін тұрғындармен ашық жұмыс істеп жатқан әкімдік ретінде үлгі қылған болатын.

7 желтоқсан күні жаңа

форматта өткен 2 сағаттық кездесуде Ғабидолла Әбдірахымов 12 азаматты қабылдады. Олардың көбісі баспана мәселесімен келген. Нақты айтқанда, 4 баланың анасы Ақмарал Өтемуратовада баспана жоқ. Бар тапқан қаржыма пәтер жалдаймын дейді. Райхан Жаманқұлованы осы мәселе мазалайды: қала тұрғыны баспана кезегінде тұр.

Қала тұрғындары әкіммен қоғамдық көлік, үйлердің аулаларын көріктендіру, атқарушы орган-



ның жұмысы да туралы ашық әрі еркін сөйлесті. Тұрғындар осындай кедергісіз жазылып, ашық

қабылдауға алғыс айтты.

Қабылдауға қатысқан орынбасарлары мен басқарма басшыларына қала

әкімі азаматтардың мәселелерін мұқият қарап, оңтайлы шешімін табуға тапсырма берді.

ОРТАЛЫҚТЫҢ АЗАМАТТАРҒА ЗАГЕРЛІК КӨМЕК КӨРСЕТУДЕ ҮЛЕСІ ЗОР

Азаматтардың шағымдарын дереу әрі тиімді шешу мақсатында өткен жылдың желтоқсан айында прокуратура жанынан Құқық қорғау қызметтері орталығы ашылған болатын, деп хабарлайды Шымкент қаласы прокуратурасының баспасөз қызметі.

Ұлт жоспарының 100-ші қадамын іске асыру үшін құрылған орталық, құқықтық қызмет көрсетуді бір жерде біріктіруге

арналған.

Өткен кезеңде орталықта 20 заңдық қызмет тегін негізге көрсетілді. Бүгінгі таңда орталықтың қызметін 6 мыңға жуық азамат пайдаланып, оның 3 мыңға жуығын прокурорлар жеке қабылдаған.

800-ден аса азамат адвокаттардың қызметін пайдаланса, 858-медиаторлардың, 600-әкімшілік және мемлекеттік кіріс органдарының қызметіне

жүгінген. 62 тұлға пробаация қызметкерлерінің және психологтардың қызметтерін пайдаланған. Прокуратура органдары басшылығының жеке қабылдау жұмыстарының аясында қала прокуроры 100 азаматы жеке қабылдады.

ҚКҚО-ғы азаматтарды қабылдайтын фронт-кеңсе қызметін атқаруда. Оның негізгі жұмыс қағидасы – ол азаматтармен жұмыс жасауда сервистік тәсілді қолдана отырып, прокуратура алаңында кең заң қызметтерін ұсыну.

Орталық Шымкент қаласы, Бейбітшілік көш. 3, «Нұр Отан» партиясы қалалық филиалының ғимаратында орналасқан.

ЖАСӨСПІРІМДЕР КІТАПХАНАСЫ 40 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫН ТОЙЛАДЫ

Шымкент қалалық жасөспірімдер кітапханасының құрылғанына 40 жыл толуына орай «Кітаппен бірге-мәңгілік елге» атты салтанатты кеш өтті. Мерекелік шараны Шымкент қаласының мәдениет және тілдерді дамыту басқармасы басшысының міндетін уақытша атқарушы Шалқарова Әлия Богданқызы, ОҚО мәдениет, спорт, туризм және ақпарат саласы қызметкерлерінің кәсіподағы комитетінің төрағасы Пірімбетов Бастарбек Пірімбетұлы, «Нұр-Отан» партиясы Әл-Фараби аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Есимова Баян Камилқызы құттықтау сөзбен ашып берді.

Жиын аясында ақын, сазгер, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қызметкері, Ш.Қалдаяқов атындағы облыс-

тық филармонияның дәстүрлі өншісі Нышан Төлегенов кітапханаға арнауын тарту етті.

Кеш қонақтарына кітапхана тынысы жайында бейнехроника көрсетіліп, мекеме директоры Парымбекова Закира Сембекқызы жасөспірімдердің рухани, танымдық көзқарасы мен тәрбиесіне ықпал етуші қарашаңырақ жайлы сөз қозғады.

Мереке аясында қызметкерлер мен кітапхананың белсенді оқырмандары дәстүрлі және виртуалды қызмет көрсету тақырыбында көрініс көрсетсе, Нармахан Бегалыұлы, Сөрсен-Бек Сахабат, Шойбек Орынбай сынды ақын-жазушылар да рухани ордаға арналған ізгі тілектерін білдірді.

Кеш соңында кітапхана ұжымы ақын Баян Тіленшинаның сөзіне жазылған «Кітапхана гимнін» шырқады.

ЖЕДЕЛ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ ҚОСЫМША НӨМІРЛЕРІ



Құрметті Шымкент тұрғындары мен қала қонақтары!

Жедел медициналық қызмет станциясына хабарласа алмаған жағдайда, сіздер қосымша нөмірлермен қоңырау шала аласыздар:

8 (7252) 43-31-89, 43-55-82, 39-08-23,
53-91-14, 43-33-01, 43-31-89.

ШЫМКЕНТТЕ ӘКІМДІК ҒИМАРАТЫНАН ТҰРҒЫНДАРҒА ТЕГІН КЕҢЕС БЕРЕТІН «БАСПАНА» КАБИНЕТІ АШЫЛДЫ

беру орталығы ашылды. Әл-Фараби ауданының әкімі Ғабит Мәуленқұловтың бастамасымен ашылған аталған орталықта мемлекеттік бағдарламалар бойынша баспана алудың жолдары, оның төртбі түсіндіріледі. Сондай-ақ, баспанаға мұқтаж қала тұрғындарына шаһарда жаңадан салынып жатқан тұрғын үйлер жөнінде жан-жақты тегін мәлімет беріледі және құжаттарды рәсімдеу туралы толық кеңес ала аласыздар. Осы ретте Шымкентте орналасқан Тұрғын үй құрылыс жинақ банкінің облыстық филиалы Әл-Фараби ауданының әкімдігіне, ел қамын тереңнен ойлайтын



Баспана мәселесі бұл күнде кімді болса да бейжай қалдырмайды. Елбасының тікелей тапсырмасымен елімізде екінші жыл қатарынан «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылуда. Тұрғын үй құрылысына зор серпін беріп отырған осы бағдарлама аясында қазір Шымкентте жаңа үйлер бой көтеруде. «Нұрлы жер» бағдарламасы іске қосылғалы бері шын мәнінде Шымкентте тұрғын үй құрылысы қарқын алды. Жаңа аудандарда, әсіресе әкімшілік-іскерлік орталық пен «Шымкент сити» аумағында зәулім үйлер көбейді. Бүгінгі таңда Шымкентте тұрғын үй кезегінде 37 мың адамның тұрғанын ескерсек, баспана мәселесі шын мәнінде өте өзекті. Осы орайда шаһарда мемлекеттік бағдарламалар аясында халықты тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше көңіл бөлінуде. Сөзіміздің дәлеліндей, таяуда Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы әкімдігі ғимаратында Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі кеңес

Ғабит Мәуленқұлов, Дәурен Босымбаев сынды азаматтарға, өз алғысын жеткізеді. Еске сала кетсек, 2018 жылғы желтоқсанның 10 жұлдызынан бастап, Әл-Фараби ауданы әкімдігі ғимаратында ТҮҚЖБ «Өз үйім» бағдарламасы аясында қолжетімді баспанаға үміткерлер тізімделі. Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі ОҚО халыққа тиімді жолмен, брондау әдісімен пәтер үлестірмек. Нысан: Төлеметов көшесіндегі «Отан Строй» объектісіндегі пәтерлер. Үміткерлер банктен шот ашып, пәтер бағасының 20 пайыз жарнасын салады. Өтініш берушілер ақпараттандыру бөліміне хабарласуы тиіс: **8-775-327-07-53**. Егер пәтерді көремін десеңіз, алдын ала жазылыңыз!

Барлық ақпаратты мына мекен-жайға келіп біле аласыз:

Шымкент қаласы, Тыныбаев көшесі, Әл-Фараби ауданы әкімдігінің ғимараты, ТҮҚЖБ кеңес беру орталығы.

Елбасы тәуелсіздік жылдары Түркістан қаласының, ондағы еңбексүйгіш халықтың ертеңіне қажетті бірнеше ірі жобалардың іске асуына бастамашы болды. Соның ішінде «Түркістан ежелден келе жатқан біріктіруші функциясынан жанылған емес және түркі тілдес елдерді біріктіруші тірек болып табылады», деп Елбасымыз ерекше екіпін берген қаламыздың да Тәуелсіздік жылдарында ажары ашылып, әулеті едәуір арта түсті.

Соңғы жылдары әлеуметтік көрсетілген қолдаулар арқасында, көптеген мектептер мен балабақшалар, медициналық нысандар салынып, пайдалануға берілді. Біздің қала халқы Президенттің «100 мектеп, 100 аурухана», «Ба-

Қазақтың кең-байтақ даласының қай өңіріне де кие қонған, құт дарыған. Әйткенмен, Түркістанды тұтас түркі жұрты атамекеніміз деп, Ұлы дал елі қазақ хандығының тарихи ордасы болған деп таниды. Елбасының осы өлкені «Қазақстанның рухани орталығы - Түркістан» деп атауында айрықша мән бар. Мұнда қазақ халқының келешегіне қатысты талай тағдырлы тарихи шешімдер қабылданғаны белгілі.



Түркістан қаласының әкімі Әліпбек ӨСЕРБАЕВ:

ТҮРКІСТАНДЫ КӨРКЕЙТУ - КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН МӘСЕЛЕ

лапан», «Тұрғын үй құрылысы», «Мәдени мұра», «Қолжетімді баспана», «Жұмыспен қамту», «Бизнестің жол картасы-2020», «Рухани жаңғыру», «Өңірлерді дамыту» іспеттес мемлекеттік бағдарламаларының игілігін молынан көріп келеді. Осылайша қаламыз Елбасының қамқорлығы, облыс басшылығы қолдауының арқасында өндірісі өркендеп, тұрмысы оңалған өлкеге айналды.

Осындай елеулі жұмыстардың ішінде еліміздің рухани орталығына айналған Түркістан қаласы тұрғындарының өмір сүру сапасы жыл сайын айтарлықтай жақсарып келеді деп толық сеніммен айта аламыз.

Сонымен бірге, өткен 2017 жылғы ТҮРКСОЙ ұйымының Түркістан – түркі әлемінің мәдени астанасы мәртебесі қаламыздың одан әрі түлей түсуіне жол ашты. Олай дейтін себебі, республика және облыс деңгейінде қаламызды көркейтуде ерекше қолдау көрсетілді.

Осы мәртебелі жылдың құрметіне орай, өткен жылдың соңында «Түркі бағы» аллесі ел игілігіне берілсе, биылғы жылы бауырлас халықтардың ынтымағы мен бірлігін түскен бұл аллеяда мазмұнды монументтің бой көтергенін айта кетугіміз қажет.

Сонымен бірге, рухани өңірдегі келелі істердің бастысына айналған «Рәміздер алаңы» қала тұрғындарының саялы мағыналы демалыс орнына айналды. Өрбір азаматтың бойына рухани жігер беретін алаңда биіктігі 62 жарым метрді құрайтын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы орнатылып, Елтанба мен Өнұран мәтіні жазылған. Бұған қоса ұлттық құндылықтарды дөрістеп бейнелер мен аталы сөздер сап түзеген «Рәміздер аллесі» қаланың рухани келбеті ретінде бой түзеді.

Биылғы жыл өңір халқының қуанышын еселей түскен табысты да ерекше тарихи жыл болды. Елбасымыздың пәрменмен қасиетті Түркістан қаласына жаңа облыстық орталығы мәртебесі бұйырып. Мемлекет және облыс деңгейінде өңіріміздің қасиетіне назар аударылып, Түркістанды түлетуде деген ықылас пен ниет еселене түсуде. Тіпті, бүкіл әлем назарын тіктеген Түркістанда - Елбасының ұлы арманы болған жаңа бастамаларына үлкен бетбұрыс жасалды.

Түркістан облысының орталығы



Түркістан қаласы болып жарияланған күннен бастап, шаһарымызға деген көзқарас ерекше. Соның бастысы Мемлекет басшысының осы аймақты дамытуға байланысты жауапты тұлғаларды қабылдауы Түркістанға деген шынайы қолдау десек, Елбасының биылғы Түркия төріндегі сапарында Түркістан облысының мәселесін назардан тыс қалдырмауы ауқымды кең бастаманың айғағы. Және де түркі жұрағатының тамырына нәр беріп, түркі әлемі мойындаған қара шаңырағына айналдыру жолындағы түркілердің ұлы арманын іске асыруға деген нақты әрекеттің көрінісі дер едім.

Таяудағы Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты туындысында Түркістанды түлетуде тікелей тоқтауын байламды істердің тағы бір бастауы дер едім.

Ал, мәртебесі мен мерейі артқан Түркістанды көріктендіру мен абаттандыруға соңғы 5-6 айдың ішінде еселі күш жұмсалғанына, игілікті шаралардың жалғасы ілімді істердің өкімдік бастамасымен іске асырылғанына өңір тұрғындары куә.

Соның ішінде әлеуметтік саладағы қала көлемінде іске асырылған басты жұмыстарға тоқталып өтер болсақ, әуелі іргесі ұлғайып жатқан «Отырар» ықшам ауданының тынысынан бастағаным жөн болар. Осыдан екі жыл бұрын 4 гектарға 10 үй тұрғызудан басталған шағын ауданның құрылысы биыл тағы да 10 гектарға ұлғайып, таяуда құрылысы басталған 26 үйді келер жылы наурыз айында ел игілігіне беру жоспарланып отыр. Аталған тұрғын үйлердің аулаишілік инфрақұрылымында, абаттандыру жұмыстарында межеленген мерзімде аяқтау үшін жұмыстар жасалуда. Осы

аймақтағы тұрғындардың мектеп, бала бақша мәселелерін шешу үшін, 900 орындық мектеп құрылысы бой көтерсе, 200 орындық бала бақша жеке және мемлекеттік әріптестік бойынша салынып, жуырда пайдалануға берілген болатын. Сондай-ақ, Тұрғын үй ипотекасының қолжетімділігін арттыратын жаңа ауқымдағы 7-20-25 бағдарламасы аясында да тұрғын салу қолға алынды.

Ал, алдағы жылы аталған шағын ауданның көлемін тағы да 42 көп қабатты тұрғын үймен ұлғайтуға жоспар түзілді. Яғни, тұрғын үй кезегінде тұрған 8 мыңнан астам тұрғынның мұқтаждығын жеделдетіп шешу мүмкіндігі түбегейлі қолға алынды.

Соңғы уақытта қаламызға келуші қонақтар мен саяхатшылардың қатары күн санап артуда. Сондықтан да, сырттан келген қонақтар мен жергілікті халықтың демалуына ыңғайлы саялы бақтар мен аллеялардың қатарын көбейтіп, қаланы көріктендіру жұмысы кезек күттірмейтін сөзсіз. Мәселен, «Түркі бағы» мен «Рәміздер алаңы» әуелі кейіпін ерекше өзгеріп, түрлі түске еңсе, қаланың Кентау бағытынан кіре берісінен 14 гектар жерге орналасқан «Парасат» саябағы абаттанып, заманауи демалыс кешеніне айналды. Бұл саябақ облыс көлемінде архитектуралық құрылысы жағынан алдыңғы қатарлы демалыс орындарының бірі десем болады. Себебі ондағы соңғы үлгіде орнатылған жарық бағаналары мен аркалар, су футбол мен тренажор, теннис, футбол, баскетбол алаңшалары мен велосипед және концерт алаңы демалушыларға қолайлы жағдай туғызуда деп айта аламыз. Ең бастысы, саябақты суландыру жүйесі толығымен автомат-

тандырылған. Өйткені, саябақтың көркін келтірген ағаштармен гүлдер қай мезгілде болса да судан тапшылық көрмеуі керек.

Сонымен қатар, көпшілік жастар мен қала тұрғындарының үйреніскен демалыс аймағы «Жеңіс» саябағына 162 288,26 мың теңге қаржы бөлініп, көпшілік көкейінде жүргендей кейіпте қайта күрделі жөндеуден өткізілді. Алдағы уақытта саябақтағы аттракциондардың қатарын қаланы бікітен тамашалауға болатын айналымалы дөңгелек (колесо обозрения) аттракционмен толықтыруды жоспарлап отырмыз.

Ағымдағы жылы қаладағы көлік қозғалысы жиі қатынайтын О.Жарылқапов, С.Ерұбаев көшелері мен Төле хан даңғылының және Қызылорда тас жолы мен Төле би көшесінің бойындағы ирригациялық арықшалар мен жарықтандыру жүйесіне күрделі жөндеу жұмыстары жасалды. Жалпы алғанда соңғы 5-6 айда қала ішіндегі 20-ға жуық көшенің бойына аяқ жолдар жасалып, жарық шамдар қойылып, абаттандырылды.

Және де қаладағы шағын аудан тұрғындары үшін 16 көп қабатты тұрғын үйдің ауласына балалар алаңшасы, демалыс шатырлары, футбол алаңдары, аула тренажорлары мен воркуттар орналастырылды.

Жалпы қала тұрғындары мен қонақтарына жайлылық сыйлау үшін, барлық бағыттағы абаттандыру мен көріктендіру жұмыстары үздіксіз жүргізіліп келеді. Мәселен, қаланы жаппай жасыл аймаққа айналдырып, көгалдандыру мақсатында кіре беріс қақпадан бастап, басты даңғылдың он бойы мен қаланың тұрғындар демалатын, жаяу жүретін аймақтарының барлығына 100 мыңнан астам түп ағаш отырғызылып, оларды су-

ландыру, көгерту мақсатында 50 метр тереңдікте арнайы құдықтар қазылуда. Жалпы қаланың барлық аумағын қамтып, 40-қа жуық құдық қазылып, суландыру жүйесін тамшылатып суару тәсілімен және автоматтандырылған жүйеге қосу бойынша жұмыстар жасалуда. Себебі, жаз айларында Түркістандағы аптап ыстықта отырғызылған ағаштар мен гүлдерді суарудан қиындық туындамауы керек.

Мәселен, Елбасының «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында қаладағы Гаухар ана, Ш.Ниязов, Мыңбасы, Сайрам және Хандаулет, Жамбыл көшелеріне орналастырылған 130-ға жуық күн сөулесінен қуат алатын көше жарық көздері - бүгінде қоршаған ортаға зиянсыз деп танылып, экономикалық жағынан да тиімділігін көрсетіп отыр. Осы аталған бағдарлама аясында атқарылған жұмыстардың қатарында «Отырар» мәлтек ауданындағы көп қабатты тұрғын үйлердің ауыз су, электр қуаты және жылу жүйелеріне автоматтандырылған есептеу құрылғыларын орнату жұмыстарында атап өтуді жөн санаймын.

Түркістандағы автокөлік жолдары мен ішкі көшелерін жөндеу жұмыстары жыл сайынғы жоспар-



дан түскен емес, оның үстіне соңғы уақытта көлік қозғалысы да еселенуде. Қала ішінде 875 көше, 764 шақырым жол бар болса, 2018 жылы жол саласын дамыту және қала көшелеріне күрделі жөндеу орташа жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін бюджет есебінен 1 172,4 млн теңге қаржы бөлінген. Осы қаржыға 22 көшеге орташа, 21 көшеге ағымдағы жөндеу және 39 көшеге тас төсеу жұмыстары жоспарланған, бұл жұмыстар өз кезегімен іске асырылуда. Алайда, көлік қозғалысының жиілеуі, автотранспорттың уақыт өткен сайын көбеюі бұл жоспарларымызды алдағы жылдары бірнеше есеге арттыратыны сөзсіз. Осы орайда, келер жылдары қаланың бірқатар ішкі көшелерінде құрылыс жұмыстарын жүргізу (90 шқ құрайтын 55 көшені) және 23 шқ құрайтын басты көшелерін кеңейту, Түркістан қаласына Отырар ауданы, Кентау қаласы, Балтақөл, Қарнақ ауылдарынан кіретін республикалық және облыстық маңызы бар жолдарды толықтай күрделі жөндеуден өткізу жоспарлануда.

Сондай-ақ, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жаяу жүргіншілер өткелін жарықтандыру, жол белгілері мен көше қиылыстарына арқа орнату үшін және көше атауы сілтемелері мен жол белгілерін орнату жұмыстарына жергілікті бюджет есебінен 92 737 мың теңге қаржы қаралып, жоспарланған жұмыстар межеленген мерзімде аяқталды. Ал бұған қоса қаладағы көлік қозғалысын реттеу мен жүйеленде қоғамдық көліктердің көпшілігіне (21 қоғамдық көлікке) GPS құрылғысы қойылып, қозғалысты арнайы құрылғылар арқылы бір жүйемен бақылау жүзеге асырылуда.

Жалғасы 9-шы бетте

Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты жүйелі және мақсаты түрде жүзеге асырып келеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың іргелі негіздері «Қазақстан-2050» және Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы Стратегияларында нақтыланған.

Бұл бағытта жалпы

жемқорлық тәуекелдерін азайту үшін, халыққа көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді электронды түрде жүргізу кезек күттірмейтін мәселе.

Елбасы, 2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 пайызын, ал 2020 жылы кемінде 90 пайызын электронды форматқа көшіруді міндеттеді.

Осы бағытта белсенді жұмыстар қолға алынып, 2018 жылдың 9-айының

лық-кеңесші орган болып табылатын және азаматтық қоғам өкілдерінен құрылған Арнайы мониторингтік топтарының орны ерекше.

Мәселен, облыс және аудан, қала деңгейінде құрылған Арнайы мониторингтік топ жоғарыда көрсетілген Стратегиясының орындалуына сыртқы талдау және бағалау жүргізуде, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалып-

бүгінгі күнге дейін 2 ай мерзім ішінде мемлекеттік қызметтің жай-күйімен танысу үшін облыстағы барлық қала, аудандарға арнайы барып, мемлекеттік қызметшілер мен бюджеттік ұйым басшыларымен сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу бағытында іс-шаралармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сондай-ақ, қала, аудандарда азаматтармен жеке қабылдау өтті.

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІҢ БАСТЫ ТАЛАБЫ – АДАЛДЫҚ

қабылданған құжаттар мен шаралар азаматтардың Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына деген сенімін арттыруға мүмкіндік береді.

Елбасы бастауымен жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының бір негізі және Агенттіктің басым бағыттарының бірі.

Өздеріңізге мәлім, Агенттігіміз және оның аумақтық департаменттерімен бұл инденттің алдын-алуда кешенді әрі жүйелі түрде жұмыстар жүргізуде. Соның бір бағыты, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізу.

Алғаш рет сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар, мониторинг, білім беру және қоғамдық бақылау сияқты алдын-алу тетіктері заңдастырылды.

Нақтылап өтсем, бұл бағыттағы басты назар сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен күреске емес, оның алғышарттарын жоюға аударылу.

Сонымен бірге, Елбасының биылғы жылғы Жолдауында сыбайлас жемқорлықпен белсенді күрес жалғасатындығы айтылды.

Ал, тұрмыстық жемқорлық етек жайған салалардың негізгісі - мемлекеттік қызмет көрсету саласы.

Себебі, мемлекеттік қызмет көрсету - халық пен мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің тоғысатын жері болғандықтан, олардың өзара байланысы жемқорлыққа жағдай тудыруы әбден ықтимал.

Олай болса, мемлекеттік мекемелердегі сыбайлас

қорытындысы бойынша Түркістан облысында электронды қызмет көрсету үлесі 82,3 % құрап отыр.

Сондықтан, қазіргі таңда департамент тарапынан мемлекеттік қызмет көрсетудегі заң бұзушылықтарды анықтап қана қоймай, оны жою бойынша өкілетті органдарға ұсыныстар беріледі.

Өзіресе, мемлекеттік қызметшілер мен халық арасында онлайн-сервисті насихаттауға аса назар бөлінуде.

Агенттік тарапынан жуырда «Цифрлық агент» мобилдік қосымшасы іске қосылып, қазақстандықтардың жедел уақытта ХҚКО, салық, емханалар мен басқа да мемлекеттік органдардағы қызмет көрсету сапасы туралы хабардар етуге мүмкіндік алды.

Міне, іс-әрекеттегі цифрландыру дегеніміз осы.

Біз заңбұзушылықтарды қағаз жүзінде мониторингтеуден азаматтардың көтеріп жатқан мәселелерін барынша тез арада шешу мүмкіндігіне қол жеткіздік.

Мемлекеттік қызметті жетілдіру арқылы еліміздегі тұрмыстық сыбайластықты төмендеті аламыз.

Сыбайлас жемқорлық деңгейін барынша азайту үшін, көп нәрсе бүкіл қоғамның белсенді қатысуына байланысты екені үнемі назарға алынып келеді.

Осы орайда, азаматтық қоғам институттарымен кері байланыс орнату мен қоғам арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың, сондай - ақ, қоғамдық бақылаудың маңыздылығы артауда.

Атап айтқанда, Агенттік пен оның аумақтық департаменттері жанындағы үнемі түрде қызмет істейтін консультация-

тастыруға жәрдем беруде, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы субъектілердің қоғамдық мониторингін жүргізуде.

Сондай-ақ, Қоғамдық бақылау картасы аясында кез-келген азамат Өзінің көкейкесті мәселелерімен жүгіну үшін +7775-869-21-21 нөмірімен Ватсап желісі іске қосылды.

Бұл нәмірге, бүгінгі таңда, азаматтардан 100-ден аса арыз-шағымдар келіп түскен.

Департаментке қойылған міндеттерді орындау мақсатында қоғамдағы барлық сала өкілдерімен тығыз байланысып, барлық мақсатты топтар арасында жүйелі жұмыстар жүргізіліп келеді.

Атап өтсем, 2 айдың көлемінде облыстағы 1300-ден аса білім беру саласының басшылығының қатысуымен, сонымен қатар, салық органдарының қызметшілері қатысқан құқық бұзушылықтың алдын алу және болдырмау мәселелері бойынша жиындар.

Құқықбұзушылықтарды ұжымда талқылау тәжірибесі негізінде түрлі форматтағы іс-шаралар бірқатар мемлекеттік органдар мен аудандарда өткізілді.

Сондай-ақ, 800-ден аса мектеп оқушылары қатысқан «Адал ұрпақ» облыстық слеті өткізілді. Жоғары оқу орындарының студенттері үшін мемлекеттік қызмет мектебі ашылды. Аудан, қалалар арасында бастау алған сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Адал жол» марафоны өз мәресіне жакындап келеді.

Мен, осы қызметке тағайындалғаннан бастап

Ал, Агенттіктің Түркістан облысындағы Өдеп жөніндегі Кеңесі жаңадан құрылып, а.ж. 26 қазан күні алғашқы отырысын өткізді.

Бұдан өзге, Агенттікпен бизнесті қорғау, оларға қолайлы климат қалыптастыру, мемлекеттік бақылау-қадағалау рәсімдерін барынша оңтайландыру мақсатында «Protecting Business and Investments» жобасы жүзеге асырылуда.

Осы жобаға қосылу үшін инвесторлар сыбайлас жемқорлық фактілерінің кез келген көріністеріне жол бермеуге, қандай да бір заңсыз факт туындаған жағдайда, тікелей хабарлауға қол қояды.

Осы жұмыстарды қолға алған Департаментпен бүгінгі күні жалпы сомасы 50 млрд. теңгеден жоғары соманы құрайтын 3 инвестициялық жоба сыбайлас жемқорлыққа қарсы сүйемелдеуге алынды.

Мемлекеттік органдар өз қүзыреті шеңінде жемқорлықпен күрес жүргізуде, алайда, бұл индентің кең тарағаны сонша оған қоғам болып қарсы шықпаса біздің тарапымыздан атқарылып жатқан жұмыстар толықтай өз нәтижесін береді деп айту қиын.

Сондықтан, азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасын түбегейлі өзгерту маңызды және онымен күрес жүргізу ісінде ешкім тыс қалмауы қажет.

ЖЕКЕ ШОТТАРЫН ЖҮРГІЗУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Мемлекеттік кіріс органына заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру туралы құжаттарды берген жағдайда, Салық кодексінің 62-бабының 8-тармағына сәйкес мемлекеттік кіріс органы оның құқық мирасқорына (құқық мирасқорларына) қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның салық міндеттемелерін беруге міндетті.

2. Қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның жеке шотында қорытындысын шығарғаннан кейін, салдоны беру туралы жазба жүргізіледі.

3. Қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқық мирасқорының жеке шотына қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның салдосы енгізіледі.

Қайта ұйымдастырылған заңды тұлғада бірнеше құқық мирасқоры болған жағдайда, жеке шоттың салдосы қайта ұйымдастыру кезінде құқық мирасқоры алған мүліктегі үлесі бойынша таратылады.

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС - БАРШАМЫЗҒА ОРТАҚ ІС

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық – заманмен бірге өсіп-өркендеп, небір тегеурінді қарсылықтарға төтеп беріп, қайда мол қаражат, пайда болса, сол жерге тамыр жайып, бүгінге дейін жойылмай отырған қауіпті кеселдің бірі. Басқа дамушы елдер сияқты, біздің жас мемлекетімізді де жегі құрттай бұл кесел айналып өткен жоқ, Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстанның өлемдегі бекесіне барынша қабылты 50 елдің қатарына қосылу стратегиясы, Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында» атты халыққа Жолдауында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыұлттық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылданғаннан бері он жылдың ішінде, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер дәйектілікпен жүзеге асырылуда. Осы бағыттағы шаралар мен көкейтесті мәселелерді шешуде заңдылықты жетілдіру

жұмыстары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Жалпы алғанда, қабылданған кешенді шаралар нәтижесінде сыбайлас жемқорлық көрністерінің азаюы байқалады. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін, қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни, пара беру де, пара алу да пайдалы болмайтындай, үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Парақорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Парақорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылып келеді. Бүгінгі таңда әлеуметтік аурудың алдын алу және өшкерелеуді үрдісі жылдан жылға өсе түсуде. Парақорлықпен елімізде көбіне-көп қолында билігі бар, шешім шығаруға, бөліп бергізуге өкілетті жететін қызметкерлерінің айналысып отырғанын көрсетіп берді.

Ғалым ТҰРСЫНБАЕВ,

ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Түркістан облысы бойынша департаментінің басшысы, Өдеп жөніндегі кеңес төрағасы.



А.МОЛДАБЕКОВА,

Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының «Есептеу, талдау және ақпараттық технологиялар» бөлімінің бас маманы



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

«ТҮРКІСТАН ТҰҒЫРЫ - ТЕКТІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ»

Түркістан қаласында Түркістан облысы әкімі жанындағы «Ырыс алды – ынтымақ» қоғамдық форумы аясында «ҰЛЫ ДАЛАНЫ ЖЕТІ ҚЫРЫ» және ТҮРКІСТАН» тақырыбында келелі жиын өтті, деп хабарлайды Түркістан облысы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Басқосуға облыстық басқармалардың жауапты қызметкерлері, зиялы қауым өкілдері, қоғамдық ұйымдардың жетекшілері, ғалымдар мен қоғамдық ұйымның өкілдері және журналистер қатысты.

Аталмыш іс-шараны Түркістан облысы әкімінің орынбасары Мәлік Отарбаев ашып, жүргізіп отырды. Кездесуде Сарыағаш ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Мұстафа Сүлейменов, Жетісай ауданы қоғамдық кеңесінің төрағасы Тойым Жүнісов, Тарих ғылымдарының докторы, археолог Бауыржан Обішұлы, Қ.А.Яссауи атындағы ХҚТУ-нің түрколог ғалымы Сейсенбай Құласов, Халықаралық «Түркология» орталығының ғылыми қызметкері Қазыбек Төжиев, Тарих ғылымдарының докторы, археолог М.Қожа сөз сөйлеп, «Ұлы даланың жеті қыры» мен Түр-



кістан» тақырыбында жасалынып жатқан жұмыстар жайлы айтты.

Жиында Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев сөз сөйлеп, Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы жөнінде

баяндама жасады. Облыс әкімі баяндамадағы ойларын ортаға салып, жиынның маңыздылығына тоқталды.

«Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында Елбасымыз Түркістанға

арнайы тоқталып, ұлы шаһарды дамыту мәселесін айтты. Міне, осыған орай, «Ұлы даланың жеті қыры» және Түркістан» бағдарламалық мақаласында айқын көрсетілген тарихымыз бен жобаларды

қолға алып, ауқымды жұмыстарды жүзеге асыруда және Түркістан облысын дамытуға барлығымыз бірлік пен татулықты ту етіп, еңбек етуіміз керек. Бірлік пен ынтымақты, татулық пен тұрақтылықты, сайып келгенде, Тәуелсіздікті баянды, Ұлы дала елін мәңгілік, Түркістанды түркі дүниесінің текті төрі, мәдени-рухани орталығы ету мақсатындағы басқосуымыздың атын - «Түркістан тұғыры – тектілік пен татулық» деп атауды ұсынамын», - деді облыс әкімі.

Одан соң өңір басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының «Туған жер арнайы жобасы» аясында туған жерге сәбелі үлес қосып жүрген С.Ертаев, Т. Ысқақов, А.Айымбетов, Б.Сүгірбаев сынды азаматтарды «Жомарт жүрек» сыйлығымен марапаттады.

Сонымен қатар, «Ырыс алды – ынтымақ» қоғамдық форумының «Ұлы даланың жеті қыры» және Түркістан» жиынына қатысушылар аталған тақырыпты талқылай келіп, ҚАРАП қабылдады.

Акерке ИСМАНОВА.

Гүлжанат БАЙСАРИЕВА

Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қызметкері

Қазақ хандығының тарихын зерттеудің бір ерекшелігі-жазба дерек көздерінің басым бөлігі сырттан келген адамдардың қолынан шыққандығында. Ал соңғы кезге дейін қазақ хандарының жеке жарлықтары беймәлім болып келді. Белгілі шығыстанушы В.П. Юдин «Материалы по истории казахских ханств», атты 1969 жылы жария етілген кітапта Сығанақ жарлықтары деген тарихи деректерді талдай отырып, мынадай болжам айтқан болатын: «Қазақ хандары мен сұлтандары шығарған жарлықтар қазірше табылмады. Алайда, бұл осындай құжаттар болмады дегенді білдірмейді. «Имамқули-хан-наме» авторы Сухайлань хабарлауынша қазақ ханы Тұрсын-Мұхаммед XVII ғасырда Ташкентте өз теңгесін соқтырып, тұрғындардан бадж хараж салығын жинаған, яғни ол тәуелсіз жоғары билікті иеленді. Басқа да қазақ хандары мен сұлтандары Сырдария бойындағы қалаларда осындай билікке ие болды. Олардың кеңеслерінен түрлі үлгідегі құжаттар шығуы тиіс еді. Сөз жоқ, Ташкент пен басқа қалалардағы мұрағаттардағы ізденістер осындай құжаттар табылуына әкеледі». XIX ғасырдағы шығыстанушылардың ішінде қазақ ханы берген жарлықты көргендерін жазды. Мысалы, П.Лерхтың 1870 жылғы «Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г.» атты еңбегінде Түркістан қаласына келген шығыстанушыға Насрулла есімді кісі Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне байланысты 15 жарлықты көрсеткені, олардың ішінде Тұрсын-Мұхаммед ханның һижра бойынша 1035 жылғы жарлығының бары хабарланады.

1969 жылғы В.П. Юдиннің көрегендікпен айтқан болжамы көп уақыт өтпей негізделді дегуге болады. 1970 жылғы басылған «Қазақ ССР тарихы» атты кітаптың II томында қазақтың ханы атынан Сығанаққа 1587 жылғы казиды тағайындағаны туралы жарлықтың фотосуреті жарияланды.

2014 жылы И.В. Ерофееваның жинап құрастыруымен шыққан «Эпистолярное наследие казахской правящей элиты» атты екі томдық қазақ билеушілерінің 800-ден астам хаттарының қамтыған басылмағы жарық көрді. Осы И.В. Ерофеева құрастырған хаттардың бірінші томындағы алғашқы құжат жай хат емес. № 1-ден берілген құжат (сурет

ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ ЖАРЛЫҚТАРЫ



Сурет 1. Тәуке ханның 1675-76 ж. Сығанаққа дінбасын тағайындау туралы жарлығы

1) һижра бойынша 1086 жылы, яғни 1675-76 жылы хан жарлығы - үкімі екені анық байқалады. Белгілі шығыстанушы Т.Бисмиевтың аудармасы бойынша онда Сығанақ қаласының сотын - қазиды, мұсылман жамағатының басшысын - нақыпты және бас шайықты тағайындау туралы айтылады. Бұл жарлықтың түпнұсқасы 1976 жылы Мардан Байділдаев Қызылорда облысындағы Жаңақорғанның бір байырғы тұрғынынан алынған отыз шақты құжаттар ішінде болған. Ең өкініштісі, И.В. Ерофееваның көрсетуінше XX ғасырдың екінші жартысына аман жетіп, ғылыми мекеме қорына ілінген алғашқы қазақ ханының жарлығынан айырылып қалыпшы. Белгілі фольклортанушы осы XVII-XIX ғасырларға жататын тарихи құжаттарды тауып Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология институтына сақтауға бергенімен аталған қазақ ханының жарлығы - үкімі аталған ғылыми мекемеде ізім-ғайым жоқ болып кеткен.

Астана қаласында 2017 жылы жарық көрген Ә.К. Мүминов, Б.Е. Көмеков, У.А. Сұлтанов, В.К. Шуховцов, Д.Т. Кенжетасов, А.С. Кабылов, У.А. Етепбергенова, А.А. Айбасов атты авторлар дайындап шығарған «Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Яссауи» атты монографиялық зерттеуде басылған тарихи құжаттар ішінде билеушілердің атынан шыққан жарлықтар, әсіресе, қазақ хандарының жарлықтарының көшірмелері үлкен жаңалық болып табылады. Кітаптың 50-56 беттерінде қазақ хандарының төрт жарлығы араб графикасымен берілген. Жарлықтарды шығарған екі қазақтың ханы - Төуекел Шығайұлы мен Тұрсын Мұхаммед. Кітаптағы құжаттардың 10 сипаттамасында Әбілғазы Мұхаммед Төуекел баһадүрханның Ташкент қаласында дайындалған һижра бойынша 1006 жылдың құрбан айында, яғни 1598 жылдың тамыз айында Қожа Ахмет Яссауи мазарының мутаваллиі етіп тағайындау туралы жарлығы суреттеледі. Әбілғазы Сұлтан Тұрсын Мұхаммед баһадүрханның һижра бойынша 1033 жылы сапар айында, яғни 1623 жылы қараша-желтоқсан айында шығарған жарлықта екі адамның біреуін шайх ал-ислам етіп, ал екінші адамды Қожа Ахмет Яссауи мазарының мутаваллиі етіп тағайындауы туралы айтылады. Мутаваллиі дегеніміз Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне тиісті барлық мүлкті басқарушы. Орысша мутавалли - «попечитель имущества благотворительного или религиозно-просветительского учреждения». Аталған хан һижра бойынша 1034 жылы, яғни 1324-1625 жылдары жарлығымен Тулак-Шайқы деген адамға Сури кентінің (Түркістан қаласы қасында болған қалашық) жартысын сыйырғалға беріпті. Осы табылымдар біздің Қазақ хандығы дәуіріміздің тарихы үшін аса үлкен олжа. Қазақ хандарының жарлықтары деген тақырыпқа қатысты кітап авторлары арнайы зерттеу жұмыстарды жоспарлап отырғаны қуантады.

Аталған қазақ хандарының жарлықта-

рының көшірмесі Санкт-Петербург қаласындағы Ресей Ғылым академиясына қарасты Шығыс қолжазбалар институтындағы А. Кун мұрағатында тұр. Александр Кун мұрағатында қолжазбалар, хаттар, басқа да құжаттар, барлығы 303 бірлік құнды дүние сақтаулы екен. Келтірілген тізімде тақырыпта аталған құжаттармен қатар «Әзірет Сұлтан Ахмет Яссауи мешітіндегі жазбалардың көшірмесі», «Сайрам мазарларының тізімі және түрлі елді мекендер арасындағы қашықтық», «Хиуа хандығындағы қазақтар туралы қысқа ақпарлар» атты қолжазбалар бары тарихшыларды қызықтыратыны анық.

1872 жылы генерал-губернатордың ерекше тапсырмалар қызметшісі болған Александр Кунның өтінішімен Түркістан уезінің бастығы А.Г. Реймерс Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесіне қатысты байырғы құжаттарды көшіртіп, оларды қаладағы ақсақал, мыңбасы қызметтегі кісілерге, басқа да мәртебелі қала тұрғындарына көрсетіп мөрлермен көуәландырып салып жіберген. Құжаттар ішінде насабнама-шежірелер, уақыттық құжаттар, жарлықтар, т.б. байырғы деректердің көшірмелері бар. Барлығы 96 бетті құрайды екен.

«Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Яссауи» атты кітаптың 43-49 беттерінде XVI-XVII ғғ. қазақ хандары берген жарлықтар туралы арнайы жазылған бап бар. Онда осы уақытқа дейін бұл мәселе арнайы зерттеу нысаны болмағаны, тек кейбір мәліметтер ғана жиналғаны айтылады. Аталған баптың бір авторы Уктамбек Сұлтонов қазақ хандарының жарлықтарының түпнұсқада болғанына тағы бір дәлел ретінде Сырдария облысы басқармасының жазбасында («опись») Қожа Ахмет Яссауи ұрпағы Насраллах қожа қолында билеушілер берген 18 жарлығы айтылатынын, олардың ішінде Төуекел ханның һижра бойынша 1006 ж. және 1014 ж. жарлықтары, Тұрсын ханның 1033 ж. барын алға тартады.



Дәурен АБАЕВ:

IMEI-КОДТАРДЫ ТІРКЕУДЕ БАРЛЫҒЫ АЛАҢДАЙДЫ, БІРАҚ ТІРКЕП ЖАТҚАН ЕШКІМ

Ақпарат және коммуникациялар министрі Дәурен Абаев елімізде 26 миллион құрылғының тек 14 миллионы IMEI-кодтарын тіркегеніне қарамастан, жаңа жылдық түнде жұрт байланыссыз қалмайтынына сендірді, - деп хабарлайды TengriNews.kz тілшісі. 2019 жылы 1 қаңтарда ұялы телефон қолданушысының міндетті түрде тіркелуі туралы заң күшіне енеді. Үкімет сағатында Мәжіліс депутаты Михаил Чириков осы мерзімге дейін тіркелмегендер байланыссыз қалатыны туралы болжаған еді. “Жарияланған мәліметке сәйкес, 26 миллион абоненттің 14 миллионы тіркелген, бұл жартысынан сәл ғана көп. Бірнеше миллион қазақстандық жаңа жылдық түнде және одан кейінгі күндерде байланыссыз қалады деп болжауға болады”, - деді депутат министрге. Министр қажетті жұмыстардың жүргізіліп жатқаны туралы айтты. “Әрине, барлығы алаңдап жүр, алайда тіркелмейді. Бізде 26 миллион қолданушы бар, ал - 18 миллион, яғни бір адамда бірнеше (3-4) телефон бар деген сөз. Қазіргі уақытта халықтың 70 пайызы тіркелді”, - деп түсіндірді Абаев. Оның айтуынша, 2-3 пайыз мүлде тіркелмейді екен. “Менің ойымша, еш қындық болмайды. Жаңа жылдық адамдар байланыссыз қалмайды”, - деді министр.

Енді өңірдің өркендеуіне өлшеусіз үлес қосып, елеулі еңбек еткендер «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» белгісімен марапатталады. Ол облыс әкімі Асқар Мырзахметовтың наградасы болып саналады. Бұл туралы облыс әкімдігінде арнайы жиын өтіп, төсбелгі үлгісі таныстырылды, - деп хабарлайды TengriNews.kz тілшісі облыс әкімінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап. Өңір басшысы Асқар Мырзахметовтың төрағалығымен өткен басқосуға басқарма басшылары, аудан әкімдері, зиялы қауым өкілдері мен ардагерлер ұйымының өкілдері қатысты.

Асқар Исабекұлы облысымызда 1 миллионнан аса халық тұратынын, оның ішінде аймақтың дамуына зор үлес қосып, талай жылдар бойы талмай тер төккен әсіресе аға буынның өкілдері аз еместігін атап айтты. Бұл белгі сол азаматтардың еңбегін ескеріп, мәртебесін арттыруға, сол арқылы өзгелерге үлгі - өнеге болуға негізделуде. Жиында облыс әкімінің бірінші орынбасары Бекболат Орынбеков “Облысқа сіңірген еңбегі үшін” белгісінің мән-маңызы мен сипаттамасына тоқталып, слайд арқылы оның бекітілген үлгісімен таныстырды. Оның айтуынша, облыс әкімінің бұл наградасы азаматтардың облысқа сіңірген айрықша еңбегін, экономиканы, әлеуметтік, қоғамдық салаларды, ғылым мен мәдениетті, спортты дамытуға қосқан елеулі үлесін, құқық қорғау органдарындағы үлгілі қызметін, белсенді қайырымдылық ісін бағалаудың белгісі ретінде ресми көтермелеу мен моральдық ынталандыру мақсатында тағайындалады. Ол облыстың, еліміздің басқа өңірлері мен өзге мемлекеттердің азаматтарына, сондай-ақ, өңірдің дамуына өз үлестерін қосқан Қазақстанның мемлекеттік және қоғам қайраткерлеріне табыс етілетін болады. Белгімен наградтау облыс әкімі аппараты басшысының жазбаша қорытындысы бойынша облыс әкімінің өкіміне сәйкес жүзеге асырылады. Қажет болған жағдайда, облыс әкімі Белгімен наградтауға облыстың мемлекеттік органдары басшыларының, қала және аудан әкімдерінің, қоғамдық құрылымдардың ұсынымдарын қарау және ұсыныстар өзір-

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫ ӘКІМІ «ОБЛЫСҚА СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН» БЕЛГІСІН ТАБЫСТАЙДЫ



қазақ ұлттық оюы салынған. Басқосу барысында облыстың Құрметті азаматы, “100 жаңа есім” жобасының жеңімпазы Сембек Сейдәзімов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Еркінбек Солтыбаев, жазушы, халықаралық “Алаш” әдеби сыйлығының иегері Несіпбек Дәутаев, қоғам қайраткері Жандар Кәрібаев, мәдениеттанушы Өлібек Әмзеев, Тараз қаласының Құрметті азаматы Қаржаубай Бекболат және басқалар сөз алып, белгінің мазмұндылығына тоқталып, орамды ояларын ортаға салды.

леу жөніндегі арнайы комиссия құруы мүмкін. Белгі мен оның куәлігін облыс әкімі, сондай-ақ облыс әкімі уәкілеттік берген тұлғалар табыс етеді. Табыс ету салтанатты жағдайда өтеді. Айта кетейік, бұған дейін еңбегімен көзге түскендер облыс әкімінің Құрмет грамотасы, Алғыс хатымен марапатталып келсе, ендігі уақытта оның қатарын “Облысқа сіңірген еңбегі үшін” белгісі толықтырады. Бұл жаңа белгіде облыс есімін еншілеп жатқан ақын, жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың бейнесі белгіленген. Нақтырақ тоқталсақ, белгі - алтын түстес, мыс-мырыш қорытпасы жезден жасалған, 34 миллиметр дұрыс шеңберден және негізден тұрады. Негіз ені 20 миллиметр көгілдір түсті жібек муар лентасымен қапталған. Белгінің алдыңғы жағында Жамбыл облысының контуралық картасының аясында, Жамбыл ақынның ескерткішінің кескіні бейнеленген. Ақын оң қолын созып тұр, сол қолында домбыра бар. Белгі шетінің үстіңгі жағында “ОБЛЫСҚА СІҢІРГЕН ЕБЕГІ ҮШІН” жазу дөңгелектеніп жазылған, ал белгінің төменгі бөлігінде

БЕЛГІНІҢ НЕГІЗГІ СИПАТТАМАСЫ



“Облысқа сіңірген еңбегі үшін” белгісінің алғашқы иегерлері Тәуелсіздік мерекесі қарсаңында өтетін салтанатты шарада марапатталмақ. Бұл марапатқа бүгінде Тараз қаласы мен аудандардан 900-ден аса ұсыныс түскен. Асқар Исабекұлы лайықты тұлғалардың назардан тыс қалмауын қадағалауды, керек жағдайда тізімді тағы да толықтыруға болатынын жеткізді. Сондай-ақ, келер жылы облыстың 80 жылдық мерейтойы барысында өзге де лайықты азаматтар аталмыш награданы кеудесіне тағады және алдағы уақытта ол тұрақты түрде табысталады.

ҚазАқпарат.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРҒА ПӘТЕРІНДЕ ҚАНША АДАМ ТІРКЕЛГЕНІ ЖАЙЛЫ ХАБАРЛАМА ЖІБЕРІЛЕДІ

Енді қазақстандықтар Халыққа қызмет көрсету орталығы немесе электрондық үкімет порталы арқылы оның мекенжайы бойынша тіркелген адамдардың санын біле алады, - деп хабарлайды TengriNews.kz тілшісі ІІМ баспасөз қызметіне сілтеме жасап. Ведомство өкілдері мұның алдында барлық мемлекеттік органның Мекенжайды тіркеу кодының (МТК) негізінде мекенжай мәліметтерінің бірінші форматтына көшуі туралы хабарлаған болатын. ІІМ өкілдерінің айтуынша, енді өзін мекенжайына қатысты мәліметті әр азамат қана емес, тұрғын үй иесі де ХКО немесе электрондық үкімет порталына жүгіне отырып оның мекенжайында тіркелген адамдарға да ала алады. Осылайша, анықтамада тұрғын үйді алғанға

дейін тіркелген адамдар (оның ішінде қайтыс болғандар, республикадан тыс жерлерге кеткендер) көрсетіліп жатыр. Осыған байланысты қайтыс болғандарды, ҚР тыс жерлерге тұрақты тұруға кеткендерді, ҚР азаматтығынан шыққандарды тіркеуден автоматты түрде шығару жұмысы жүргізіліп жатыр. “Қазіргі уақытта электрондық үкімет порталына SMS-хабарлама, мобильді қосымшалар жолдау арқылы, төлеу терминалдары, компьютерлік қызметтер төлемі туралы түбіртекте, нотариустың жылжымайтын мүлік объектісін сатып алушыға сатып алу-сату шартын ресімдеу кезінде сатып алуға жататын тұрғын үйде тіркелгендер саны туралы хабарландыру сервистері өзгерісіп жатыр”, - делінген ІІМ өкілдерінің хабарламасында.

Астана.

Қауіпсіздік - басты талап



Мемлекет басшысы өзінің ағымдағы жылдың 5-ші қаңтарында «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру», атты Жолдауының үшінші бағыты Өмір сүруге жайлы орта қалыптастыруға бағытталған. Аталмыш Жолдауда Ішкі істер министрлігінің штаттық санын оңтайландырып, полицияны өзіне тиесілі емес функциялардан арылтуды тапсырды. Өз кезегінде үнемделген қаражатты полициялардың жалақысын көбейтуге, олардың тұрғын үй және өзге де әлеуметтік мәселелерін шешуге бағыттау керектігін айтты.

Сондай-ақ, Мемлекет басшысы полиция қызметкерлерінің жаңа стандартын бекітіп, мансаптық ілгерілеуді де тілге тиек етті.

Мұның барлығы полиция қызметкерлерінің дәрежесін көтеруге бағытталған шаралар болып табылса, осы шаралар арқылы құқық қорғау органдары қызметкерлеріне халықтың сенімін арттыруды көздеп отыр.

Жалпы Елбасы айтпақшы, еліміз тұрғындар үшін қауіпсіз ел болып қала беруі қажет.

П.ИСАКБАЕВ,

ІЧ-167/11 мекмесінің бастығы, әділет подполковнигі.

ҮКІМЕТТЕ АГРОӨНЕРКӘСІП КЕШЕНІН ДАМУДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖАЙЫ ҚАРАЛДЫ



Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен Үкімет отырысында 2017–2021 жылдарға арналған ҚР агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру барысы қаралды, Түркістан облысы әкімдігінің баспасөз қызметі.

Мемлекет басшысы агроөнеркәсіптік кешен алдына еңбек өнімділігі мен өңделген өнім экспортын 5 жыл ішінде кемінде 2,5 есеге ұлғайту міндетін қойған болатын. Қойылған міндеттерді ескере отырып, Үкімет биылғы жылдың шілде айында Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2021 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасын өзектендіріп, қайта бекітті.

Селекторлық отырыста ҚР Ауыл шаруашылығының бірінші вице-министрі А.Евниев жаңартылған мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асырылуы тура-

лы айтып берді. Сондай-ақ, салалық бағдарламалардың қалай жүзеге асып жатқаны туралы баяндады. Мәліметтерге сәйкес, шағын және орта шаруа қожалықтарына негізделген етті мал шаруашылығын дамытудың салалық бағдарламасы биылғы жылдың екінші жартыжылдығынан бастап жүзеге асырылуда. Бұл үшін арнайы жеңілдетілген «Сыбаға» несиелік өнімі іске қосылған.

Осы секілді салалардағы жетістіктер мен алдағы жоспарлар туралы мәліметтерден соң, Үкімет отырысында өңірлердегі Мемлекеттік бағдарламаның іске асырылуы туралы Жамбыл, Түркістан, Ақмола, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының әкімдері баяндады.

Түркістан облысы бойынша ақпарат берген облыс әкімі Жансейіт Түймебаев алғаш рет саланың 19 басым бағыты (оның ішінде: өсімдік шаруашылығы

– 8, мал шаруашылығы – 7, қайта өңдеу, экспортты ұлғайту – 4) қарастырылған «Түркістан облысы агроөнеркәсіп кешенін дамытудың өңірлік бағдарламасы» әзірленіп, Ауыл шаруашылығы министрлігімен келісілгенін жеткізді. Нәтижесінде, етті мал шаруашылығын дамыту бағытымен 1850 бас ірі қара мал сатып алу жоспарланып, 11 айдың қорытындысымен 2798 басқа өтім түсті (1,5 есе). 1581 басы мақұлданып, несиелері берілді. Тұңғыш рет облысымызда 6,5 мың тонна ет Өзбекстан, Иран, Біріккен Араб Әмірліктеріне экспортталып, республикалық көрсеткіштің 45,2 пайызын қамтыды. Ет экспортын одан әрі ұлғайту мақсатында желтоқсан айында өнеркәсіптік үлгідегі 10,0 мың бастық мал бордақылау алаңы іске қосылды.

“Сүтті мал шаруашылығын дамыту бағытымен 2025 жылға дейін 400 басқа дейінгі 44, 400 бастан жоғары 11 тауарлы сүт фермасын салу жоспарланып отыр. Суармалы жерлерді дамыту бағытымен ағымдағы жылы облыстық бюджеттен 1,3 млрд.тг. қаржы қарастырылып, 29 нысанға ағымдағы, 4 нысанға күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді”, – деді Ж.Түймебаев.

Өз сөзінде өңір басшысы Үкімет басшысынан Түркістан облысында «Ислам даму банкі», «Европа қайта құру және даму банкі», «Халықаралық қайта құру және даму банкімен» бірлесіп іске асатын ауқымды жобалар бар екенін, атал-

ған жобалардың мерзімінде іске асуына қолдау білдіруін сұрады.

Баяндамасында әкім қарқынды бау шаруашылығын дамыту бағытымен 2025 жылға дейін қосымша 22,5 мың га-ға жеміс-жидек, жүзім егу жоспарланып отырғанын жеткізіп, Агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру бағытымен 798,0 мың га егістіктің толығымен электронды картасы жасалынғанын, сонымен қатар, 2,9 млн. га жайылымның 26,3% цифрландырылғанын мәлімдеді.

Жалпы, Түркістан облысында Мемлекеттік бағдарламада көзделген индикаторларға қол жеткізу мақсатында өр ауылдық округтен тұратын 15 аймақтық бағдарлама әзірленуде. Сонымен қатар, Министрліктің ұсынысына сәйкес көзделген индикаторға қол жеткізбеген саяси және А корпусы лауазымдарының жауапкершілігін қарау жөнінде шаралар қабылданды. 2018 жылғы 10 айда ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 475,6 млрд. теңгеге жетіп, нақты көлем индексі 103,4%-ға орындалды. Бұл көрсеткіш республикада 2-орынды көрсетіп отыр.

Мәселені қарау қорытындысын шығара отырып, ҚР Премьер-министрі Б.Сағынтаев мемлекеттік бағдарламаның көрсеткіштерінің өзгеруінің он динамикасын атап өтті. Дегенмен, бірқатар облыстардың көзделген нәтижелерден артта қалып отырғанын да айтты. Осыған байланысты, Ауыл шаруашылығы министрлігіне өкімдіктермен бірлесіп жыл соңына дейін барлық мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізуді және АӨК дамуының негізгі көрсеткіштерінің он динамикасын қамтамасыз ету тапсырылды.

Түркістан қаласының әкімі Әліпбек ӨСЕРБАЕВ:

ТҮРКІСТАНДЫ ҚӨРКЕЙТУ - КЕЗЕК КҮТТІРМЕЙТІН МӘСЕЛЕ



секілді 12 нысанның құрылысы түсөді деп жоспарлануда. Ал үшіншісі өкімшілік-іскерлік орталығының аймағы жалпы 700 гектарды құраса, бүгінде оның 270 гектарына түсіпін құрылыс нысандары белгіленді. Онда облыстық өкімдік ғимаратынан бастап, басқармалар мен департаменттер ғимараты, Астана алаңы, Конгресс-Холл, Медиа орталық, Сауда орталықтары мен тұрғын үй

кешендері, жастар мен оқушылар сарайы, спорт, мәдени кешендердің құрылысы сынды басты-басты 18 нысан мен тұрғын үйлердің құрылысы түсөді деп күтілуде. Осы аталған жоспарларға сәйкес, қазан-қараша айларында Халықаралық архитекторлар конкурсы жарияланған болатын. Оған 32 елден 353 ұсыныс түсіп, оның 245 қабылданды, одан 42 концепция іріктел-

ді. Өрине, бұл аталған жоспарлар болашақ Түркістанды рухани-мәдени тұрғыдан және облыс орталығы ретінде дамуы үшін жасалып жатқан дүние. Өрине алдағы уақытта түбегейлі бекітілген соң, жұмыстар кезек-кезеңімен жүргізілетін болады.

Міне, осындай асақ армандардың ақиқатқа айналу жолында өңірмізде облыс басшысы бастаған іскер азаматтардың легі қосап, білек

сыбана қызмет етіп келеміз. Қаланың келешек келбетін айқындайтын бас жоспарымыз түбегейлі бекітілген соң, атқарулар шаруалар легі бұдан да еселенетіні сөзсіз. Соның ішінде Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық жағдайын арттыру басты мәселе дейтін болсақ, туризм саласын жетілдіру, өндірісті өркендетіп, шағын және орта бизнесті одан әрі дамыту шаралары күн тәртібінде тұр.

Тіпті, бірқатар елімізге танымал іскер азаматтар Түркістанның болашағына арнаған алпауыт құрылыс нысандарының жобасын дайындап («Rixos Hadisha Turkistan» кешені мен өкімшілік-іскерлік орталығы), бүгінде құрылысын бастапта кетті. Осы бағытта шет елдік инвесторлардың Түркістанға ниеттіліктерінің қатары күн санап артып отырғаны тағы бар.

Жалпы алғанда Мемлекет басшысының нақты тапсырмаларына сәйкес, Түркістанның қай салада болмасын, әлеуетін арттыруға айрықша мән беріміз-басты мақсат. Жауапкершілік жүгін қайыспай көтерумен қатар оны күткен нәтижеге сай іске асыру барысы өз бен істің арасындағы байланысты аңғартатыны анық. Осы ретте Елбасы жүктеген міндеттерді орындауда өрбір жауапты тұлға тарихи шешім айқындаған ұлы мақсаттарды жүзеге асыруда аянбай еңбек етіп келеді. Себебі, осынау ұлы мұрат жолындағы Тәуелсіз Қазақстанның рухани орталығы Түркістанның кемелденуі алдымен осы аталған міндеттерге байланысты деп білемін.

Облыстың орталығы болған Түркістан қаласының алдағы уақытта бас жоспары бекітілген соң, құрылыс жұмыстарының қарқын алатындығы ақиқат. Дәл қазіргі уақытта жергілікті өкімдік тарапынан келешекте түсетін құрылыс нысандарына жер дайындау мақсатында бағалау жұмыстары мен сәулет жоспарлау жұмыстары қызу өрі қарқынды жүруде. Тарихи шаһарды Елбасының тапсырмасына сәйкес, Қазақстанның рухани орталығы бағытында жандандыру көзделіп отыр. «Мұнда бой көтеретін ғимараттардың барлығы Орта-Азиялық стильде, яғни көне дәуірдегі сәулетпен салынуы тиіс. Сонда еліміздегі, кем дегенде, бір қала осындай ескі келбетпен бой көтеретін болса ол Түркістан болмақ»-деп Елбасымыздың өзі нақтылаған болатын. Жалпы Түркістан қаласының келешектегі бас жоспарын жобалау бойынша қала құрылысы мен сәулеті үш бағытта жүргізіледі деп жобалап отырмыз. Бірінші бағыт «Тарихи аймақ» Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан тарихи аймақтағы 88,7 гектар жерге орналасқан 18 нысанды реставрациялау (жаңғырту) және «екінші бағыт рухани-мәдени орталық» аймағы 98 гектар жерге жоспарланып отыр. Қазіргі таңда ол жерлерге түсетін 12 құрылыс нысанының орны анықталды. Ол аймақта «Қазақстан-Назарбаев» және «Түркі әлемі» орталығы, «Қазақстан хандары мен билерінің орталығы» және Қожа ахмет Ясауи музейі, Амфитеатр, Шығыс базары, Шығыс моншасы

Қызылорда облысы

**СЫҒАНАҚ ҚАЛАШЫҒЫ
ТУРИЗМ НЫСАНЫНА АЙНАЛАДЫ**



Қыпшақтар мен Қазақ хандығының ежелгі астанасы, Сығанақ қалашығында сәулет құрылыстарын қалпына келтіру және цифрландыру жұмыстары жүргізілуде.

Нысанда археологиялық зерттеулерді Қожахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Археология ғылыми-зерттеу орталығы, ал қалпына келтіру жұмыстарын

“Қазреставрация” РМК жүргізеді, деп хабарлайды Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Сығанақ басқа мәдени-тарихи ескерткіштер секілді мәдени-тарихи орталық және туристер жаппай баратын орын болады деп жоспарлануда. Сонымен қатар, қалашықты ЮНЕСКО-ның дүниежүзілік мұралар тізіміне енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Алдағы уақытта Сығанақ қалашығының шығыс қақпасын 3 метрге дейін көтеріп, бұрынғы сәулеттік келбетін қайтаратын болады.

Естеріңізге сала кетейік, Қызылорда облысының аумағындағы ежелгі Сығанақ, Шірік Рабат, Жанкент қалашықтары және түркі тайпаларының бұрынғы астаналарына қажетті сервистік инфрақұрылымдарды жүргізіп, соның негізінде туристік кластер құру жоспарлануда.

2000 астам жылдық тарихында Сығанақ қалашығы Қыпшақ хандығы (XI-XIII ғғ.), Ақ Орда (XIII-XIV ғғ.) және Қазақ хандығының (XV- XVII ғғ.) астанасы болған. Сығанақ қалашығы - республикалық маңызы бар мәдени-тарихи ескерткіш және Ұлы Жібек Жолының сауда орталықтарының бірі болып табылады. Сонымен қатар, ЮНЕСКО Дүниежүзілік мұраларының алдын-ала тізіміне енгізілді.

СӘУЛЕТ ЕСКЕРТКІШТЕРІНІҢ 3D-КАРТАСЫ ЖАСАЛДЫ

3D-картаға қола дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі 150 ескерткіштің виртуалды үлгілері - 60 археология ескерткіші және 90 сәулет ескерткіші кіреді.

Қызылорда облысының аумағында 30 республикалық және 256 жергілікті маңызыға ие 286 ескерткіш бар, деп хабарлайды Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі.

“Бұл - Орталық Азия үшін тарихи және мәдени ескерткіштерді қалпына келтіруге бағытталған бірегей жоба. Ең озық жабыдықтар мен технологиялардың көмегімен барлық нысандардың құжаттамасы дайын-

далған. Осылайша, танымдық тарихи анықтама ғана емес, ескерткіштерді егжей-тегжейлі зерттеуге арналған аса дәлдікке негізделген құрал болмақ. Қазір түрік әріптестеріміз қызығушылық танытуда”, - деді жоба авторы, Халықаралық Орталық Азия зерттеу институтының директоры Дмитрий Воякин.

Дмитрий Воякиннің айтуынша, 3D-картаны дайындау кезінде ескерткіштердің дәлдігі жоғары үш өлшемді үлгілерін жасау үшін 70 000 000-нан астам полигон әзірленді.

“Аймақтың мәдени ескерт-

кіштерінің 3D-картасы - «virtualmap.xyz» интерактивті веб - ресурсын құру үшін 33 000-нан астам сурет, ежелгі қалашықтардағы 4000-нан астам сурет, 40 000-нан астам аэрофотосуреттер және 13 сағаттан асатын пилотсыз ұшу аппараттарынан бейне түсірілімдер мен 450-ден аса және жерден 1000-нан астам панорамалық сурет жасалды”, - деді Д.Воякин.

Карта арнайы virtualmap.xyz сайтта ұсынылатын болады. Қазіргі уақытта толықтыру жұмыстары жүргізілуде, 2019 жылдың қаңтар айында қолжетімді болады деп жоспарлануда.

Қарағанды облысы

**ҰЛЫТАУДА ТУРИСТЕРГЕ АРНАЛҒАН
САПАР ОРТАЛЫҒЫ БОЙ КӨТЕРЕДІ**

2019-шы жылдың көктемінде Қарағанды облысының Ұлытау ауданында сапар орталығының құрылысы басталады. Ол жайында аймақтық коммуникация орталығында өткен брифинг барысында Ұлытау ауданының әкімі Әнуар Омар мәлімдеді.

- Біздің ауданда тарихи туризм, экотуризм, агротуризм және киелі мекендерді аралау секілді бағыттар дамытылатын болады. Ол үшін Мәдениет және спорт министрлігімен 718 млн теңге бөлінген болатын, бұл қаражат сапар орталығының құрылысына жұмсалады. Қазіргі таңда мердігер компания анықталып, мемлекеттік сатып алулар бойынша барлық процедуралар өткізілді. Орталық құрылысы келесі жылдың көктемінде басталады, - дейді Әнуар Омар.

Аудан әкімінің айтуынша, Жезкык және Көкмайса этнофестивалдерін өткізу Ұлытау ауданына келетін туристер ағымын үлгійткен. Егер 2017 жылы Ұлытауда шамамен 11 мың туристер болып қайтса, биылғы жылы бұл көрсеткіш 25 000-ға өскен.

- Біз ауданымызға туристердің қызығушылығы артып келе жатқанын байқап отырмыз. Осыған орай біз ауқымды жұмыстар өткізуді жоспарлаудамыз. Осылайша, сапар орталығының маңында

этноауыл салуды көздеп отырмыз. Аталмыш жобаны жүзеге асыру үшін, облыстық Кәсіпкерлік басқармасымен бірлесе отырып, этноауыл құрылысына 150 млн теңге салуға дайын инвесторларды іздегіміз жатырмыз. Сондай-ақ, келесі жылғы киелі орындарға баратын жолдар да жөнделеді. Облыстық бюджеттен Сарлық ауылына дейін баратын 40 шақырым жолды жөндеуге 636 млн теңге бөлінді. Дәл осы ауылдың жанында екі ірі туристік нысандар - Хан ордасы мен Алтын шоқы орналасқан, - дейді Әнуар Омар.

Ұлытау ауданының әкімі сонымен қатар туристер үшін қызмет көрсету сапасы қалай жақсартылатыны туралы айтты.

- Бізде қонақ үйлер жоқ, сондықтан біз бұл проблеманы басқаша шешу жолдарын қарастырып жатырмыз. Мысалы, Ұлытау ауылында тұрғындар өз үйлерінен туристерге 29 бөлме бөлуге дайын екендерін жеткізді. Аманкелді кентінде - 12 бөлме. Мәдени нысандар орналасқан ауылдар мен ауылдық округтердің барлығында біз тұрғындармен келіссөздер жүргізіп, туристерге жатын орындарын бөлу мәселесін шешудеміз. Сонымен қатар, қонақ үйлер салатын инвесторларды жұмылдыру әдістерін қарастырып жатырмыз, - деп мәлімдеді Әнуар Омар.

Батыс Қазақстан облысы

**БӨКЕЙ ОРДАСЫ АУДАНЫ
100% ГАЗБЕН ҚАМТЫЛДЫ**



Ұялы ауылында салтанатты жиын өтіп, көгілдір отын қосылды. Шараға облыс әкімі Алтай Көлгінов арнайы қатысып, ауыл тұрғындарының қуанышына ортақтасты, деп хабарлайды Батыс Қазақстан облысы әкімінің баспасөз қызметі.

-Елбасымыз халықтың әлауқатын көтеруді, тұрмыс сапасын арттыруды басты бағдар етіп отыр. Жыл сайынғы Жолдау, қолға алынып жатқан мемлекеттік бағдарламалардың қай-қайсысының да басты темір-қазығы - халықтың әл-ауқаты, өмір сүру сапасы. Нәтижесін өздеріңіз көріп отырсыздар, аудан таза ауыз су, көгілдір отынмен 100% қамтылып отыр. 2000 шақырым су құбыры тартылып, облыс бойынша 110 елді мекенге таза ауыз су

жеткізілді. Бөкей орда ауданы бойынша төрт елді мекен қамтамасыз етілді. Жыл сайын 500 шақырым жолды жөндеу көзделген. Облыс бойынша 44 елді мекенге газ тарту жоспарланған, бүгінгі таңда 25 елді мекенде көгілдір отын пайдалануға берілді. Елбасы Н.Назарбаев облысымызға биылғы жылдың мамырында келген сапарында жол мәселесін көтерген еді. Бұл бірер ай, тіпті бірер жылда біте қоятын шаруа емес, ауқымы да, жауапкершілігі де, қаражаты да ауқымды шаруа. Қазталов-Жәнібек-Бөкей орда аралығындағы 336 шақырым жолды жөндеу қолға алынды. Мұның бәрі де - Тәуелсіздігіміздің жемісі, Елбасының стратегиялық саясатының жетістігі, - деді облыс басшысы.

Ақтөбе облысы

**ҮЗДІК АУЫЛ ЕҢБЕККЕРЛЕРІНЕ
АВТОКӨЛІКТЕР ТАБЫС ЕТІЛДІ**

Ақтөбеде ауыл шаруашылығы күніне орай жәрмеңке өткізіліп, бір литр сүттің бағасы 200 теңге бір келі ет 1250 теңге, картоп 60 теңге болды, деп хабарлайды Ақтөбе облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Бір ғана Мәртөк ауданының ауыл шаруашылығын өндірушілері облыс



орталығына бір центнерден астам сиыр және жылқы етін, 100 келі қой мен шошқа етін, 300 келіден астам сүт өнімдерін өкелді.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Құсайын Сәрсембаев биыл ауыл халқының еңбек өнімділігі бір жұмысшыға 48%-ға өскенін, асыл тұқымды мал басы 51%-ға артқанын айтты. Шара барысында сала еңбеккерлерін марапаттау салтанаты өтті. Бірқатар азаматтар «Еңбек ардагері» медалімен, 18 ауыл тұрғыны Ауыл шаруашылығы министрлігінің грамоталарымен, 62 қызметкер облыс әкімінің алғыс хаттарымен марапатталды.

Шопандар, жылқы, түйе бақташылары да бағалы сыйлықтарға ие болды. Мал дәрігерлеріне, малшыларға, ауыл шаруашылығы құрылымдарының механизаторларына, бригадирлеріне жаңа автокөліктердің кілттері тарту етілді. Сыйақы алғандардың ішінде Әйтеке би ауданындағы «Комсомол» ЖШС-де 26 жыл еңбек етіп келе жатқан тракторшы Сержан Бимағамбетов те бар.

- Мен Комсомол ауылында туып-өстім және әлі күнге дейін осында тұрамын. Жұмыс бар, айлығы да жақсы, бірақ осындай сыйлық алғаным ерекше қуаныштымын, бір жағынан бұл менің бірінші сыйлығым,-дейді Сержан Бимағамбетов.

Сүт құрамында жүзден артық бағалы заттар бар. Осы құрамда адам организмiне ең қажеттi белоктар, майлар, көмiр-сутектерi, минералдық-тұздар және витаминдер көп. Бұл заттар өзара жақсы байланысқан, сол себептен олар тез, әрi түгел қорытылады.

Ежелгi замандардағы философтар сүттi “ден-саулықтың қайнар көзi”, “өмiр шырыны” деп атаған. Сүт азықтық құнары жағынан кез келген тағамды алмастыра алады, ал бiрде-бiр басқа тағам сүттiң орнын баса алмақ емес.

Гиппократ әр түрлi мал сүтiнiң емдік қасиетi бiрдей болмайтынын анықтаған, оның пікірінше, ешкі мен бие сүтi көкірек ауруын жазайды, сиыр сүтi - құяң мен қан азыққа шипа, бие мен түйе сүттерiнiң көптеген ауруларды жазуға сеітпi бар.

Қуаттылығы жөнiнен сүт өнiмдерi алдыңғы орындардың бiрiне ие. Мәселен, қаймағы айырылмаған бiр килограмм сүттi тұтынганда адам ағзасында 690 ккал, ірімшік тұтынганда - 2530, сыр тұтынганда - 3610, сары май тұтынганда - 7810, бiр килограмм сиыр етiн тұтынганда - 1350, тауық етiн тұтынганда - 1390, жұмыртқа жегенде - 1420 ккал түзіледі.

1. Қымыранның қасиеттері

Түйе шаруашылығы — мал шаруашылығының өте ертеден келе жатқан саласының бірі. Түйе сүтінен жасалатын шұбатты адамдар ежелден-ақ ем және жалпы денсаулығына пайдалы құрал ретінде пайдаланып келеді.

Орта Азия халықтары қасырлар бойы жасап келе жатқан ашыған сүт өнімдері (шұбат, чал, т. б.) диеталық өнімдер болып саналады. Алжир тұрғындары түйе сүтін ашығанша ешкі терісіне құйып сақтайды да, жиі ішеді, монғолдар оны көбіне сорпаға (суп) қатып пайдаланады. Күші жағынан бір күндік (жас), екі

ҚЫМЫРАНДЫ ВЕТЕРИНАРЛЫҚ САРАПТАУ НӘТИЖЕЛЕРІН САЛЫСТЫРМАЛЫ ЗЕРТТЕУ

Адам баласы сүтті, нан секілді, бес мың жыл бұрын пайдаланған. Сүт - адам өмірінің алғашқы айларындағы жалғыз тағамы екендігі белгілі. Ересек адамдардың тамақтануында да оның орасан маңызы бар.

Академик И. П. Павлов сүтті табиғаттың өзі дайындаған әсерлі тағам деп атаған.



күндік (күші орташа) және үш күндік (күшті) шұбат деп ажыратады. Екі-үш тостаған шұбат ішкеннен кейін, жарты сағаттай өткенде адам қалғып, тың күш қосатын ұйқыға кетеді. Мұның үстіне «нәрлі сусын» деп аталатын тамаша коректік өнім ретінде ол адам организмiне нәр береді, өйткені ашыған күйінде пайдаланылады.

Сүт қышқылды ашу кезінде түйе сүтінің казеині сиыр сүті сияқты қою болып ұйымайды, өйткені оның ірімшіктері ұсақ, жұмсақ келеді, шайқағанда оңай ыдырайды, консистенциясы сұйық болады. Ашытқының бактериялары бөліп шығаратын

ферменттердің әсерімен түйе сүтіндегі белоктар мен сүт қанты өзгерістерге ұшырайды. Сүт қантының мөлшері азайғандықтан сусын сүт қышқылымен, алкогольмен және көмір қышқылымен байды да, осының өзі түйенің жаңа сауған сүтінде болмайтын ерекше дәмдік қасиеттер береді

Түйе сүті мен қымыранның емдік қасиеттері

Түйе сүтінде бөгде бактерияларға қарсы тұру қасиетімен бірге аурудан сақтандырыпш антигеталар болады. Түйе сүтінде адам ағзасының зат айна-

лымына аса қажетті кальций, фосфор, темір, магний тұздары, сүт қышқылы, амин қышқылдары бар. Сиыр сүтіне қарағанда А, В1, В2, С және Д витаминдері 3 есе көп, ал казеин аз болады. Лактоза қантының көп мөлшерде болуы миды, жүйке жүйесін қоректендіреді.

Ветеринарлық санитарлық сараптау лабораториясының жұмысы.

ВСЭ лаборатория жұмысы таңертеңгі 5 – де басталады. Базарға әкелінген мал еті, сүт өнімдеріне міндетті түрде ветеринарлық сараптау жүргізіледі, мұнда арнайы штампы басылып, анықтама жазылып сағытуға рұқсат беріледі.

ВСЭ лабораториясы қызметкерлері базардағы асханалардың жұмыстарына (ег, сүт, балық т.б.) қадағалау жүргізеді. Базарға әкелінетін өнімдер негізінен Шымкент қаласы 112 мәтек ауданынан, «Тельман», «Ынтымақ», «Сайрам», Төлеби», т.б. елді мекендерінен келеді.

Шұбат дайындау технологиясы

Шұбат — сүт қышқылды және спиртті ашу нәтижесінде түйе сүтінен өзірленетін сусын шұбат деп аталатын құнарлы сусын дайындау әдісі-де қымыз дайындау әдісіне ұқсас.

Шұбаттың сапасы, оның ашытқы қоры-

ның сапасына байланысты. Ашытқы ретінде жақсы ашыған, бөгде ісі, не бөгде дәмді жоқ сапалы шұбат алынады. Осындай ашытқы саумалға күнделікті қосып тұрады. Маусымның басында, әлі шұбат жоқ кезде, түйе сүтін ашыту үшін, сүт қышқылды бактерия (болгар таяқшасы) мен ашытқыны (торула) пайдаланады.

Қорытынды

Қымыранның органолептикалық көрсеткіштерін тексере келе, онда зерттеу нәтижесімен қойылатын стандарт талаптары арасында айтарлықтай өзгерістері байқалынбағаны анықталады.

Түйе сүтінен қымыран жасау кезінде технологиялық тәртіппен санитарлық нормалар сақталып, өнім сапасы ойдағыдай екені белгілі болды.

Түйе сүтінің химиялық құрамы қымызға айналғаннан кейін, біршама өзгерістерге ұшырайды. Майы, белогы, сүт қанты аралығында айтарлықтай өзгерістер болмағанмен, қышқылдығы тұрғысында дәуір өзгерістері байқалды. Қымыранның қышқылдық көрсеткіші сүтке қарағанда 120 – ға дейін көтерілгені анықталды.

Бактыгүл КАЛИБЕКОВА,

Шымкент аграрлық колледжінің ұстазы.

ҰЛТЫҢ ҰЛЫҚТАҒАН ЕЛБАСЫ

Шымкент қаласы білім бөлімінің №52 мектеп-лицей коммуналдық мемлекеттік мекемесі кітапханасының кітапханашысы Әжен Гауһар және география пәнінің мұғалімі Жүсіпбаева Жанардың ұйымдастыруымен 1-желтоқсан Президент күніне орай «Ұлты ұлықтаған - Елбасы» тақырыбында іс-шара өтті. Мақсаты бүгінгі жас ұрпаққа Елбасының ерекше қасиет-қадірін, тұлғалық тұғырын түсіндіру. Елбасының ерен еңбегін мақтаныш сезімімен оқушылар бойына сіңіру. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевты өлемнің аса ірі мемлекеттері мойындаған Президент екенін таныту, саяси сауаттылығын арттыру; Қазақстан Республикасының өркендеуіне өз үлестерін қосатын оқушылар тәрбиелеу. Іс-шараға 6 а сынып оқушылары қатысты. Іс-шараны еліміздің әнұранымен бастап, патриоттық өлеңдер оқып, Елбасы туралы көріністер көрсетті. Қорыта айтқанда Тәуелсіз еліміздің аспаны ашық, елі аман, жұрты тыныш болсын, ел басқарған Елбасымыз аман болсын! Еліміздің болашағы, жас ұрпақ, сендердің қолдарында. Сондықтан, елдің халықтың қамын ойлайтын азамат болыңдар дегім келеді.

Ерсінкүл АДИЛБЕКОВА,

№52 мектеп-лицейінің кітапхана меңгерушісі.

Я люблю свою Родину

Мы переехали в микрорайон «Асар», когда я учился в 4-ом классе. Начал учиться в большой и новой школе со всеми условиями. И как все беззаботные мальчишки не осознавал, в каком чудесном месте я живу...

Микрорайон «Асар» действительно один из чудесных мест не только в Шымкенте, но и всего Казахстана. Этот район был построен по программе «Нурлы көш», основателем которой является наш дальновидный президент Н.А. Назарбаев.

Благодаря этой программе в чудесном Асаре благополучно начали новую жизнь тысячи оралманов, переехавшие из разных соседних стран в свою историческую Родину.

Я могу с уверенностью сказать, что микрорайон Асар, наряду с другими великими достижениями нашей Независимости, является современными, уютным, теплым местом для людей, которые приехали сюда ради будущего своих детей. Так как в нашем районе созданы все условия: и материальные, и духовные, для нашего будущего.

Я благодарен своей судьбе, что я живу в таком районе, в такой стране.

Шынгысхан САБЫРХАН,
ученик школы-лицея №89.

«Жасай бер, Елбасым»!

Тұңғыш Президент күні қарсаңында оқушыларымен «Жасай бер, Елбасым!» атты ашық тәрбие сағат өткіздім.

1991 жылғы 1-желтоқсанда бүкіл-халықтық сайлауда Нұрсұлтан Назарбаев Мемлекет басшысы болып сайланды. Сөйтіп, қасырлар бойы халқымыздың асыл арманы болып келген егемен Қазақстанды құру жөніндегі ата-бабаларымыздың тарихи аманаты орындалды. Бірауыздан Мемлекет басшысы болып сайланған Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанды жарқын болашаққа батыл бастады.

Ұлт Көшбасшысы ерте есейді, орта мектепті бітіре салысымен, Кеңес Одағындағы аса ірі Қарағанды металлургия комбинатының көлемді құрылысына аттанды. Құрылыста біраз еңбек еткеннен кейін, бір топ қазақстандықтармен Украинаның Днепродзержинск қаласына барып металлургия-жұмысшы мамандығын меңгерді. Шойын құюшы, домна пешінің көмекшісі жұмыстарын атқарды, ал кейінірек инженер дәрежесіне көтерілді.

Сол жылдары оның басшылық қасиеттері жарқырап көрінді. Қалалық, облыстық және республикалық көлемде басшы органдарда

жауапты қызметтер атқарды. Металлургия комбинатында партком хатшысы, Теміртау қалалық, Қарағанды облыстық және республикалық партия ұйымдарында экономикалық салаға жауап беретін хатшы болды.

«...Мен өз халқымның жолында басымды бөйгеге тіккен адаммын. Маған ары үшін жанын садаға ететін осындай текті халыққа, мені ұлым деп, перзентім деп төбесіне көтерген халыққа, арғы-бергідегі қазақ баласының бірде-бірінің пешенесіне бұйырмаған бақытты-толыққанды, тәуелсіз мемлекет құрудың қасында болу бақытын бұйыртқан халыққа қызмет етуден артық ештеңенің керегі жоқ. Осы жолда мен бойымдағы бар қайрат-қабілетімді, білім-білігімді аямай жұмсаймын, қандай да тәуекелге барамын...» деген терең маңыналы сөзі бар. Сондықтан да, Елбасына мықты денсаулық тілейміз, біз ол кісіге сенеміз!

Ашық сабақ нәтижесінде оқушылар Мемлекет басшысының мөңді де мағыналы өмір жолымен кеңінен таныс болды деп есептеймін.

Бахриясан ӘРАЛИЕВА,

